



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

ТАМЫЗ 2024

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ	29
ТАМЫЗДАҒЫ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ	4
I. ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	9
1.1. Болжамның алғышарттары	9
1.2. Экономикалық жағдайдың базалық сценарий бойынша даму перспективалары	11
1.3. Базалық мөлшерлеме траекториясын бағалау	14
1.4. Орта-мерзімді перспективадағы тәуекелдер	15
1.5. Төлем балансының ағымдағы шотының болжамы	16
II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ	19
2.1. Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі	19
2.1.1. Пайыздық арна	19
2.1.2. Кредиттік арна және депозиттер (әл-ауқат арнасы)	20
2.1.3. Валюта арнасы	22
2.2. Ақша массасы	24
III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР	27
3.1. Сыртқы сектор	27
3.2. Ішкі сектор	28
3.3. Өндіріс шығасылары	32
3.4. Еңбек нарығы	33
3.5. Инфляция	34
3.6. Фискалдық саясат	39
НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР	42
НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	44
БОКСТАР	
1-бокс. Халықтың ұлттық валютаға «сенімінің прокси-индикаторын» бағалау	22
2-бокс. Шетел азаматтары тарапынан сұраныстың Қазақстандағы тұтынушылық сұранысқа әсері	30
3-бокс. Азық-түлік инфляциясына импорттың әсері	37
4-бокс. Мұнайға жатпайтын фискалдық серпін	40



Ақша-кредит саясаты туралы баяндама Ұлттық Банктің тоқсандық басылымы болып табылады. Онда инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлардың талдауы, сондай-ақ макроэкономикалық өлшемдердің қысқа мерзімді және орташа мерзімді перспективадағы болжамы қамтылады.

Құжат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде электрондық нұсқада жарияланады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы мен талдауы **2024 жылғы 15 тамыздағы** жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 29 ТАМЫЗДАҒЫ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ



Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 14,25% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Қабылданған шешімде нақты деректер мен тәуекелдер балансын талдау ескерілді. Инфляция деңгейі мен экономика өсімінің жаңартылған болжамдары да негізге алынды.

Шілдеде жылдық инфляция өсті, бірақ мамырдағы біздің болжамдарымыз шегінде сақталды. Базалық және

маусымдық түзетілген инфляцияның көрсеткіштері екі ай қатарынан жеделдеді.

Сыртқы инфляциялық жағдай қалыпты деп бағалануда. Жаһандық инфляция бәсеңдеуді жалғастыруда.

Ішкі экономикада инфляциялық қысым күшеюде. Негізгі себептер: тұрғын үй-коммуналдық қызмет саласындағы реформалардың жалғасуы, орнықты ішкі сұраныс пен инфляциялық күтулердің жоғары деңгейі.

Сол сияқты күтілетін жоғары фискалдық қарқын мамырдағы болжамға қарағанда инфляция бойынша таргетке ақырындап қайта оралудың ықтималдығы жоғары екендігін білдіреді.

Сондай-ақ қазіргі уақытта айырбастау бағамының жақында әлсіреуін ескере отырып, ағымдағы ақша-кредит шарттарын біз неғұрлым жеңіл деп бағалайтынымызды атап өткен жөн. Ақша-кредит шарттарының жеңілдеуі ақша нарығы мөлшерлемелерінің динамикасымен расталады. Мәселен, 14,25% базалық мөлшерлеме деңгейінде TONIA шілде-тамызда 13,1-13,3% төмен орташа мәндерде қалыптасады. Жеңілдетілген ақша-кредит шарттары мөлшерлемені одан әрі төмендетуге мүмкіндік бермейді. Өтемақы төлеу және монетарлық шарттардың аса артық жеңілдетілуін болдырмау үшін базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейде сақтап қалу талап етілді.

Жаңартылған болжамдар тәуекел балансының проинфляциялық бағытқа ауысқанын көрсетеді, бұл базалық мөлшерлемені 2024 жылдың соңына дейін ағымдағы деңгейде сақтап қалуға жағдай жасайды.

Енді шешім қабылдауға негіз болған факторларға толығырақ тоқталып өтейік.

БІРІНШІ. ИНФЛЯЦИЯ МЕН ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ДИНАМИКАСЫ.

Инфляцияның ұзақ уақыт баяулауынан кейін (өткен жылы және осы жылдың бірінші жартысы) жылдық инфляция шілдеде 8,6%-ке дейін жеделдеді. Инфляцияның азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын компоненттері тұрақты болып қалды. Инфляцияның өсуіне «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында ақылы қызметтер инфляциясының жеделдеуі үлес қосты. Сонымен қатар, шілдеде инфляцияның жеделдеуі тұрғын үй, байланыс, кешенді демалысты ұйымдастыру және т.б. үшін жалдау ақысы сияқты нарықтық қызметтер мен құнның айтарлықтай өсуі есебінен болды.

Айта кетейік, шілде айында айлық инфляция 0,7%-ға дейін өсіп, орташа тарихи динамикадан (0,3%) жоғары болды. Базалық және маусымдық факторды ескермегендегі инфляция көрсеткіштері айтарлықтай жеделдеді.

Инфляциялық күтулер жоғары көрсеткішпен қалыптасуда. Алдағы бір жылға күтілетін инфляция 13,4% болды. Респонденттер инфляция факторларының ішінде азық-түлік

өнімдерімен қатар азық-түлікке жатпайтын тауарлар, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, медициналық қызметтер, интернет және ұялы байланыс бағаларының өсуін атап көрсетуде. Нақты сектордың өкілдері болашақ инфляцияға қатысты барынша ұстамды болжамдарын атап көрсетті. Сауалнамаға сәйкес кәсіпорындар 2024 жылдың үшінші тоқсанында дайын өнім, шикізат және материалдар бағасының баяу өсетінін болжап отыр. Сонымен қатар, қаржы нарығының кәсіби қатысушылары соңғы зерттеу нәтижелері бойынша инфляция осы жылдың соңына қарай 8,0% жететінін күтуде.

Жылдық инфляцияның ағымдағы траекториясы жалпы біздің болжамдарымызға сәйкес келеді және біз оның одан әрі бәсеңдеуін күтеміз.

ЕКІНШІ. ІШКІ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮРДІСТЕР.

Іскерлік белсенділік артып келеді. Бұл биылғы жылдың қаңтар-шілдесінде 4,1%-ға дейін жеделдетілген қысқа мерзімді экономикалық индикатордың динамикасынан көрінеді. Жыл соңына дейін экономиканың одан әрі жеделдеуіне шикізаттық емес секторлардағы өсім ықпал ететін болады. Айтпақшы, биылғы жылдың қаңтар-шілде айларында мұнай саласындағы белсенділіктің төмендеуі ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібіндегі өсудің жеделдеуіне байланысты болды. Жоғары өсу қарқыны бұрынғысынша құрылыс, ақпарат және байланыс, көлік салаларына тиесілі.

Жалпы ішкі сұраныс орнықты болып қалуда. Бюджет шығыстарының артуы, тұтынушылық кредиттеу және шикізатқа жатпайтын сектордағы инвестициялардың кеңеюі сұранысқа әсер етуде.

Екінші тоқсанда азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын салаларда бөлшек сауданың өсу қарқыны жеделдеді. Тұтынушылық сұраныстың тұрақты болуы нақты жалақының өсуіне, трансферттерге және тұтынушылық кредиттеудің белсенді түрде өсуіне негізделді.

Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы инвестициялық белсенділік 16,5%-ға ұлғайып, өсуін жалғастыруда. Көлік, ақпарат және байланыс сияқты салаларда, сондай-ақ жекелеген қызмет секторларында айтарлықтай өсу байқалады.

Ағымдағы жылғы тамызда іскерлік белсенділіктің өсу қарқыны жақсаруын жалғастырды, іскерлік белсенділік индексі (ІБИ) 51,4 құрады. Кәсіпорындардың болашақта бизнесті жүргізу шарттарына қатысты оң күтулері сақталуда. Іскерлік цикл көрсеткіштері өсу фазасының жалғасуын көрсетеді.

ҮШІНШІ. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРА.

Сыртқы инфляциялық қысым қалыпты болып отыр. Жаһандық инфляция жоғары мөлшерлемелердің әсерінен баяулауда.

Сыртқы орта тарапынан негізгі тәуекелдер бұрынғысынша біздің еліміздің басты сауда-экономикалық серіктестерінің бірі ретіндегі Ресейдегі инфляция деңгейімен және сақталып отырған геосаяси белгісіздікпен байланысты.

ФАО азық-түлік бағаларының индексі осы жылы шілдеде негізінен астық бағасының арзандауынан аздап төмендеді. Астықтың оң динамикасы жер шарының солтүстігінде ұсыныстың маусымдық өсуіне және қолайлы ауа райына байланысты болып отыр.

Дамыған елдердің орталық банктері пайыздық мөлшерлемелерді жоғары деңгейде ұстап отыр. Дегенмен, соңғы шешімдерден ақша-кредит шарттарының жұмсарғанын және олардың қалыпқа келуін байқауға болады.

Еуроодақта жылдық бағаның өсуі қызмет көрсету секторындағы баға қысымының жалғасуына байланысты осы жылғы шілдедегі қорытынды бойынша 2,8%-ға дейін жеделдеді. Биылғы маусымның басындағы мөлшерлеменің төмендеуінен бастап Еуропа орталық банкі инфляция мен жұмыспен қамту бойынша аралас деректеріне байланысты күту позициясын ұстанады.

АҚШ-та инфляция төмендеуде – осы жылы шілдеде 2,9%-ға дейін төмендеді. Инфляция динамикасы мен экономиканың өсу қарқынын ескеріп, Федералды резервтік жүйе негізгі мөлшерлеме бойынша болашақ шешімдерге қатысты оң позицияны ұстанады. Соңғы

мәлімдемелерге сәйкес, Федералды резервтік жүйе ақша-кредит шарттарын жеңілдетуге біртіндеп ауысатыны туралы белгі берді.

Шілдеде Ресейдегі инфляция жеделдеп, 9,1%-ға жетті. Бұл Ресей Федерациясының Орталық Банкінің риторикасын едәуір қатаңдатуға және инфляция болжамдарын қайта қарауға алып келді. Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі 18%-ға дейін 200 б.т. көтерілді. Реттеушінің мәлімдеуінше, инфляцияны мақсатты деңгейге қайтару ақша-кредит саясатын одан әрі қатаңдату талап етеді. Яғни, Ресейде мөлшерлеменің алдағы уақытта өсу мүмкіндігі жоғары болып қалады.

Ағымдағы мұнайдың бағасы бір барреліне шамамен 80 АҚШ доллары деңгейінде белгіленді. ОПЕК+ елдерінің мұнай өндірісін қысқартуды үшінші тоқсанның соңына дейін ұзартуы және геосаяси шиеленістің сақталуы бағаларды ұстап тұруға септігін тигізеді.

Осы факторларды ескере отырып, базалық сценарийде 2024 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы орташа есеппен 84,5 АҚШ доллары деңгейінде белгіленді. 2025 және 2026 жылдары – 82,5 және 77,5 АҚШ долларына дейін төмендету жоспарланды.

Енді макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына тоқталып өтейік.

2024-2025 жылдарға арналған инфляция болжамы өзгеріссіз қалады – тиісінше 7,5-9,5% және 5,5-7,5% деңгейінде тұр. Бұл ретте салықтарды жинаудың ағымдағы қарқыны, бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығы және трансферттер көлемі ескеріліп, болашақта фискалдық қарқынның артуы болжанып отыр. Мұндай тәуекелді іске асыру болжамдарды ықтимал қайта қарауға итермелеуі мүмкін.

2026 жылға арналған болжам ауқымы 5-7%-ға дейін кеңейтіліп түзетілді. Негізгі себеп – салық заңнамасын реформалауға байланысты фискалдық өлшемдердің белгісіздігі. Өнім шығарудың проинфляциялық алшақтығы мен төмен еңбек өнімділігі экономикадағы инфляциялық қысымды күшейтіп, инфляцияның мақсатқа жетуіне әсер етеді.

Сонымен қатар, қалыпты қатаң ақша-кредит саясаты 2026 жылы базалық инфляцияның 5%-ға дейін баяулауына ықпал ететін болады.

Инфляция болжамының негізгі тәуекелдері ішкі сұраныс тарапынан қысымның күшеюіне, инфляциялық күтулердің тұрақсыздығына және сыртқы инфляцияның ықтимал жеделдеуіне байланысты.

Тәуекелдер бойынша фискалдық алшақтық және оны жабу құралдарын анықтау мәселесі орын алып отыр.

Біз жаңа Салық кодексінің жобасы аясында белгілі бір оң өзгерістерді көріп отырмыз, сонымен бірге Үкімет ұсынып отырған өзгерістер Ұлттық қордан трансферттерді алмастыруға толық ықпал етуі аса маңызды деп санаймыз. Трансферттердің құйылу ауқымын түсіну үшін – жыл басында елдегі барлық ақша массасына қатысты олардың көлемі 13,8%-ды құрады. Бұл әрине инфляциясыз өтпейді және ақыр соңында инфляция бизнес пен азаматтардың кірісіне әсер етеді.

Осыған байланысты халықтың да, бизнестің де мүдделерін негізге ала отырып, салықтардың, жалпы алғанда, бюджет кірістерінің жиналуын арттыру бойынша күрделі, бірақ керек және маңызды жүйелі шаралардың қажеттілігі байқалады.

Бұл тұрғыда бюджеттік алшақтық біз үшін негізгі экономикалық өлшемдерді болжау кезіндегі белгісіздік факторы болып табылады.

Қазақстан экономикасының 2024 жылы өсу болжамы 3,5-4,5% шегінде сақталған. Биыл іскерлік белсенділік фискалдық шаралар, тұтынушылық сұраныстың өсуі және мұнайға жатпайтын сектордағы инвестициялық белсенділік есебінен ынталандырылады. 2025 жылы болжамды 5-6%-ға дейін көтеру жоспарланып отыр. 2025-2026 жылдары фискалдық мәселелермен қатар, ЖІӨ өсуіне мұнай өндіру көлемін ұлғайту, сондай-ақ Үкімет тарапынан іске асыру жоспарланған шаралар қосымша үлес қосады.

Біз үнемі коммуникациямызды жақсарту мүмкіндігін іздестіру үстіндеміз, себебі орталық банк үшін коммуникация – ол өз саясатын жүзеге асырудың бір жолы. Ішкі талқылаулар мен зерттеулерді, сондай-ақ инфляциялық таргеттеудің үздік тәжірибелерін ескере отырып, үздік әлемдік тәжірибені талдау бізді инфляция мен экономикалық белсенділік жөніндегі болжамдармен қатар базалық мөлшерлеме траекториясы бойынша алдағы уақытта болжам жариялауға әкелгені баршаңызға мәлім. Яғни, біз баға динамикасы мен ЖІӨ өсімінің болжамын ғана емес, базалық мөлшерлеменің өзгеру болжамын да беретін боламыз.

Мөлшерлеме траекториясын жариялау болашақ пайыздық мөлшерлемелер туралы сипат береді, бұл болашақ монетарлық саясат туралы нарықтық күтулерге әсер етеді, қаржы активтерін неғұрлым тиімді бағалауға мүмкіндік береді. Күтуден нақты әрекеттерге трансмиссия арқылы болжамды жариялау инфляция мен ЖІӨ құбылмалылығының төмендеуіне ықпал етеді.

Алдағы аптада қосымша ақпараттық материалдарды шығарғанда толығырақ қосымша мәліметтер беріледі. Базалық мөлшерлеме болжамын жариялаудың өзі биылғы жылғы 9 қыркүйекте жарияланатын Ақша-кредит саясаты туралы баяндамаға енгізілетін болады.

Біздің басты міндетіміз – орта мерзімді келешекте инфляцияны 5% деңгейінде ұстау.


Жаңартылған болжамдар мен ағымдағы инфляциялық процестер қалыпты қатаң ақша-кредит шарттарын ұзақ мерзімге сақтау қажеттігін көрсетеді.

Біз инфляцияның 5% мақсатты деңгейіне мүмкіндігінше тез оралуын қамтамасыз ету үшін саясатты кіріс деректеріне және тәуекел балансына бейімдей отырып, мандатымызға сәйкес әрекет етуді жалғастырамыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы
Тимур Сүлейменов



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



01



ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

I. ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

1.1. Болжамның алғышарттары

Жаһандық экономиканың өсу перспективасы біршама жақсарды. Дамыған елдердің инфляция бойынша нысаналы мәндерге қол жеткізуі бұрынғыдай 2025 жылдан ерте күтілмейді. Ағымдағы инфляцияның баяулауына және еңбек нарығында салқындату белгілерінің пайда болуына байланысты көптеген елдер жүргізіліп жатқан монетарлық саясатты қалыпқа келтіруге көшуде.

ХВҚ¹ биыл әлемдік экономиканың өсу бойынша болжамды 3,2% (ж/ж) деңгейінде сақтап қалды. Бұл ретте 2025 жылы жаһандық өсу бағалары 3,2%-дан (ж/ж) 3,3%-ға (ж/ж) дейін көтерілді. Ірі елдер бойынша болжамдар айтарлықтай қайта қаралған жоқ, ал Қытай, ЕО, Үндістан және Бразилия елдерінің экономикасы бұрын күткеннен біршама жылдам өседі деп күтілуде.

Көрсетілетін қызметтер мен энергия көздері бағасының тұрақты өсуіне байланысты жаһандық инфляция бойынша болжамдар өзгерген жоқ. 2024 жылы жаһандық инфляция 5,9% (ж/ж), 2025 жылы инфляция 4,4% (ж/ж) дейін баяулайды деп күтілуде.

2024 жылы Ресей мен Қытайда неғұрлым күшті экономикалық өсім күтілуде. Орта мерзімді перспективада Қытай мен ЕО елдері экономикасының бірқалыпты өсуі Ресейдегі іскерлік белсенділіктің әлсіздігін өтеуі мүмкін. Ресейде ағымдағы жоғары және күтілетін инфляция аясында Қазақстандағы тұтыну бағаларына сыртқы инфляциялық қысым күшейтілуі мүмкін. Бұл ретте Қытай мен ЕО-да инфляция қалыпты өседі деп күтілуде.


Жаңартылған болжамдарға сәйкес 2024 жылы тұтынушылық және мемлекеттік сұраныстың күшеюі аясында Ресей экономикасы бұрын болжанғаннан гөрі жылдам қарқынмен өсетін болады. Бұл ретте, 2025-2026 жылдары қатаң ақша-кредит жағдайларына, сондай-ақ жұмыс күшінің жетіспеушілігіне байланысты құрылымдық шектеулерге байланысты ішкі сұраныстың әлсіреуі нәтижесінде белсенділіктің күрт баяулауы күтілуде. ЕО экономикасы алдыңғы энергетикалық күтпеген өзгерістердің теріс әсерінің сақталуына байлысты бүкіл болжамды ауқым ішінде 2%-дан аспайтын қарқынмен өсетін болады. Экономикаға сыртқы сауданы қалпына келтіру және күшті тұтынушылық сұраныс қолдау көрсетеді деп күтілуде. Қытай экономикасы қалыпты қарқынмен өседі. Қатаң емес ақша-кредит шарттары және экономиканы қолдаудың басқа да шаралары экономикалық белсенділікті ынталандыруды жалғастырады деп күтілуде (1-график).

Ішкі сұраныстың белсенді өсуі аясында Ресейде тұтыну бағаларының өсуінің жеделдеуі 2024 жылға арналған инфляция болжамын өсу жағына қайта қарауға себеп болды. Өз кезегінде, Ресейде инфляцияның жеделдеуіне байланысты қысқа мерзімді перспективада сыртқы инфляциялық қысымның күшеюі Қытай мен ЕО-дағы жылдық инфляцияның төмен көрсеткіштерімен, сондай-ақ соңғы жылдары Қазақстанның Ресеймен саудасының қысқаруымен ішінара өтеледі. Сонымен қатар, орта мерзімді перспективада Ресейде инфляцияның нысаналы мәндерге қайта оралуы күтілуде, Қытайда және ЕО елдерінде жылдық инфляция да мақсатқа сай болады (2-график).


Инфляцияның баяулауы мен еңбек нарығындағы қысымның әлсіреуі аясында ірі экономикалардың орталық банктерінің риторикасы жеңілдеуде. Жуық арадағы перспективада көптеген дамыған елдер негізгі мөлшерлемелерді төмендете бастайды деп күтілуде.

¹ ХВҚ «Әлемдік экономиканың даму перспективалары», 2024 жылғы шілде

1-график. ЖІӨ өсу қарқыны, ж/ж, %



2-график. Инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, Consensus Ecs., РФ ОБ, ҚР ҰБ бағалауы

Қазіргі жағдайда инфляциялық қысымның әлсіреуі және жұмыссыздықтың өсуі «2024 жылғы мамыр» болжамды раундымен салыстырғанда сыртқы монетарлық жағдайлар біршама жеңілдеді. АҚШ ФРЖ мөлшерлемесін төмендету циклінің басталуы осы жылдың қыркүйегінде күтілуде. Бұл ретте болжамды ауқымда мөлшерлеменің неғұрлым жылдам қарқынмен төмендеуі күтілуде. ЕОБ та экономиканы қолдау мақсатында жүргізіліп жатқан саясатты жеңілдетуге көшуі мүмкін. Сонымен қатар, РФ ОБ риторикасы қатаң күйінде қала береді, базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде сақтау ұзақ уақытқа созылады деп күтілуде.

Орта мерзімді перспективада өндіру көлемінің күтілетін өсуі жағдайында мұнай ұсынысының сұраныстан асып түсуіне байланысты мұнай бағамдарының біртіндеп төмендеуі күтілуде (1-кесте, 3-график).


1-кесте. Мұнай бағасы бойынша болжамдардың алғышарттары*

	2024	2025	2026
Негізгі сценарий	84,5 (85,0)	82,5 (80,0)	77,5 (77,3)
Пессимистік сценарий	78,2 (74,0)	60,0 (60,0)	60,0 (60,0)
Оптимистік сценарий	88,2 (93,0)	100,0 (100,0)	100,0 (100,0)

Дереккөзі: ҚРҰБ есептеуі

* – жақшада «2024 жылғы мамыр» болжамды раунды шеңберінде алдыңғы алғышарттар көрсетілген

3-график. Brent маркалы мұнай бағасының сценарийі, бір барреліне АҚШ долларымен



Дереккөзі: EIA, ҚРҰБ есептеуі

Мұнайдың әлемдік бағасының алдыңғы «2024 жылғы мамыр» болжамды раундынан төмендеуі мұнай бағасының қысқа мерзімді динамикасын «2024 жылғы тамыз» ағымдағы болжамды раунды аясында біршама төмендеу жағына қайта қарауға себепші болды. ОПЕК+ келісімін 2024 жылғы үшінші тоқсанның соңына дейін ұзарту аясында мұнай ұсынысы қысқаруы², сондай-ақ геосаяси шиеленістің сақталуы мұнайдың әлемдік бағасын қысқа мерзімді кезеңде ағымдағы деңгейде ұстап тұруға ықпал етеді. Осылайша, базалық сценарий шеңберінде 2024 жылы мұнай бағасы бір баррелі үшін орташа есеппен жылына 84,5 АҚШ доллары деңгейінде тұрақталады деп күтілуде.


Бұдан әрі мұнай бағасын 2025 жылы орташа алғанда бір баррелі үшін 82,5 АҚШ долларына дейін және 2026 жылы бір баррелі үшін 77,5 АҚШ долларына дейін біртіндеп төмендету болжанып отыр. Орта мерзімді кезеңде мұнай бағасының төмендеуі бойынша күтулер ОПЕК+ елдерінің өндіруді шектеуді бірте-бірте жеңілдетуі және ОПЕК-тен тыс елдердің мұнай өндіруді болжамды өсіру жағдайында мұнай ұсынысы ұлғаюына байланысты. Базалық сценарий шеңберінде 2025 жылы мұнай бағасын өсуі жағына қарай қайта қарау жаһандық экономиканың өсу перспективалары жақсаруына байланысты.

Әлемдік экономика дамуының белгісіздігіне байланысты, базалық сценарийден басқа мұнайдың әлемдік бағасы динамикасының баламалы сценарийлері де қаралды.

1.2. Экономикалық жағдайдың базалық сценарий бойынша даму перспективалары

2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ өсімі неғұрлым төмен қарқынмен жалғасып, 3,2%-ды құрады. Экономиканың өсу қарқыны бәсеңдеуі тау-кен өнеркәсібі өсуі қысқаруының және көрсетілетін қызметтер секторындағы өсудің неғұрлым төмен қарқынының нәтижесі болып табылды. Болжамдар бойынша ЖІӨ-нің өсуі 2024 жылы – 3,5-4,5%, 2025 жылы – 5,0-6,0%, 2026 жылы – 4,9-5,9% құрайды (4-график, 2-кесте).

4-график. ЖІӨ, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

Ішкі сұраныс 2024 жылы ЖІӨ өсуінің негізгі көзі болады. Үй шаруашылықтарының тұтынуы әлеуметтік салаға бюджет шығысы өсуімен, фискалдық ынталандырумен, сондай-ақ жалақы өсімінің және тұтыну кредиттерін берудің оң динамикасымен қолдау табады. Жалпы жинақтау өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және энергетикалық және көлік инфрақұрылымын жаңғырту есебінен экономиканың басқа да салаларында инвестициялық

² https://www.opec.org/opec_web/en/press_room/7339.htm

жобаларды іске асыру есебінен, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының көлемі ұлғаюына байланысты өседі.


Ішкі сұраныстың оң динамикасы импорттың өсуін ынталандырады, ол ЖІӨ өсуіне тежеуші ықпал етеді. Мемлекеттік басқару органдарының шығысы бойынша да оң серпін күтілуде, ол жалақыға және тауарлар мен қызметтерді тұтынуға жұмсалатын шығысқа негізделеді. 2023 жылмен салыстырғанда мұнай өндірудің аздап ұлғаюы, сауда-серіктес елдер тарапынан сыртқы сұраныс жақсаруы аясында металдар экспортының көлемі өсуі және күтілетін жақсы өнім аясында жыл соңына қарай астық экспортының көлемі өсуі экспорттың өсуіне оң үлес қосады. Нәтижесінде, **экономиканың өсуі бойынша 2024 жылға арналған болжам 3,5-4,5% болады.**

Келесі жылдардағы экономиканың өсіміне келетін болсақ, онда **2025-2026 жылдары** ол тиісінше **5,0-6,0%-ды және 4,9-5,9%-ды** құрайды. Мұнай секторы тарапынан экономиканың өсуін және экспорттың тиісті өсуін елеулі қолдаудан басқа, фискалдық ынталандырумен және тұтынушылық кредиттеумен ынталандырылатын ішкі сұраныс ЖІӨ-нің өсуіне де оң үлес қосады. Алайда жоспарланған фискалдық шоғырлануына және мұнай өндірудің өсімі тұрақтануына қарай осы факторлардың әсері әлсіреп, экономиканың жылдық өсімі 2026 жылдың екінші жартысынан бастап өзінің әлеуетті мәндеріне ұмтыла бастайды.

ЖІӨ-нің нақты деңгейінің өзінің әлеуетті деңгейінен пайыздық ауытқуы ретінде айқындалатын шығарылым алшақтығы 2026 жылдың соңына қарай біртіндеп жабыла отырып, 2024-2025 жылдар бойы оң аймақта болады. Бұл фискалдық ынталандыру мен тұтынушылық кредиттеу, сондай-ақ 2025-2026 жылдары мұнайды өндіру өсуіне қарай экспорт аясында ішкі сұраныстың оң динамикасына байланысты. Сонымен қатар 2026 жылы фискалдық ынталандырудың аяқталуына қарай экономика өзінің әлеуетті деңгейлеріне жақындайды. Осылайша, болжамды кезең ішінде экономика ұсыныстың мүмкіндігінен асып түсетін сұраныс кеңеюі жағдайында өседі, ол проинфляциялық қысым көрсетеді.

2024 жылғы бірінші жартыжылдықтағы инфляцияның ағымдағы динамикасы Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес қалыптасуда. Сонымен қатар экономика ішіндегі проинфляциялық қысым фискалдық ынталандырудың көлемі өсуі, ТКҚ реформасы шеңберінде тарифтердің өсуі жалғасуы, орнықты ішкі сұраныс, сондай-ақ артқан инфляциялық күтулердің есебінен күшеюде. Қалыпты қатаң ақша-кредит саясатын іске асыру есептеу кезінде ТКҚ пен ЖЖМ бағасының өзгеруі ескерілмейтін базалық инфляция 2026 жылы 5%-ға дейін баяулауына ықпал етеді. Осылайша, инфляция 2024 жылы 7,5-9,5%-ды, 2025 жылы – 5,5-7,5%-ды, 2026 жылы – 5-7% -ды құрайды (5-график, 2-кесте).

5-график. Инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

2024 жылдың екінші жартысында азық-түлік компонентінің динамикасы едәуір дәрежеде теңге бағамының жақында әлсіреуінің және өндірушілердің бағасы өсуі одан әрі жеделдеуінің проинфляциялық әсеріне ұшырайды. Сонымен қатар халықтың нақты кірісі өсуі және айырбастау бағамының жақында әлсіреуімен бірге сұраныстың тиісінше өсуі аясында осы жылдың соңында азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен нарықтық қызметтердің бағасы бір айда өсуінің жоғары мәндері күтілуде.

Реттеліп көрсетілетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифтері көтерілуінен қызметтер секторында бағаның едәуір дәрежеде неғұрлым өсуі болжанып отыр.

Салықтарды жинаудың, бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығының ағымдағы қарқыны және трансферттер көлемі фискалдық ынталандырудың одан әрі күшеюінің жоғары ықтималдығын көрсетеді. Мұндай тәуекелдің іске асуы болжамдарды ықтимал қайта қарау үшін триггер болып табылады.

2025 жылға арналған инфляция болжамы қалыпты-қатаң ақша-кредит жағдайларын ескере отырып, 5,5-7,5% деңгейінде сақталды. ҚР ҰБ қалыпты-қатаң саясаты салдарынан инфляциялық күтулердің тұрақтануы, Қазақстанның сауда серіктес елдерінде инфляцияның өз нысаналы мәндеріне бірте-бірте оралуы және әлемдік азық-түліктің бағасы төмендеуіне қатысты жалпы үрдіс орта мерзімді перспективада инфляция төмендеуіне ықпал етеді. Реттелетін ТКҚ тарифтерінің өсуі, оң фискалдық серпін, артқан тұтынушылық кредиттеу инфляция тез төмендеуіне кедергі келтіреді. Сонымен қатар 2025 жылы фискалдық ынталандырудың өсуі және 2024 жылы фискалдық алшақтық жабылуынан белгісіздік 2025 жылы инфляция болжамының елеулі тәуекелін туындатады.

2026 жылға арналған болжам салық заңнамасын реформалауға байланысты фискалдық параметрлердің белгісіздігін ескере отырып, диапазонды 5-7%-ға дейін кеңейте отырып түзетілді. Шығарылым мен орташа еңбек өнімділігінің сақталып отырған проинфляциялық алшақтығы жағдайында, бұл инфляциялық қысымды күшейтіп, инфляцияның мақсатқа қайтып оралуын баяулатады.

2-кесте. Базалық сценарий бойынша болжам

	2024	2025	2026
ЖІӨ, ж/ж, %	3,5-4,5 (3,5-4,5)	5-6 (4,8-5,8)	4,9-5,9 (4,9-5,9)
ТПИ, өткен жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсанда, %	7,5-9,5 (7,5-9,5)	5,5-7,5 (5,5-7,5)	5-7 (5-6)
Brent мұнайы, бір баррелі үшін АҚШ долларымен, жылына орта есеппен	84,5 (85)	82,5 (80)	77,5 (77)

Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

3 (а) кесте. Пессимистік сценарий бойынша болжам

	2024	2025	2026
ЖІӨ, ж/ж, %	3,2-4,2 (3-4)	4,4-5,4 (4,3-5,3)	4,9-5,9 (4,9-5,9)
ТПИ, өткен жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсанда, %	8-10 (8-10)	6,5-8,5 (6,5-8,5)	6-8 (6-7)
Brent мұнайы, бір баррелі үшін АҚШ долларымен, жылына орта есеппен	78	60	60

3 (б) кесте. Оптимистік сценарий бойынша болжам

	2024	2025	2026
ЖІӨ, ж/ж, %	4,2-5,2 (4-5)	6-7 (5-6)	4,9-5,9 (4,9-5,9)
ТПИ, өткен жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсанда, %	7-9 (7-9)	5-7 (5-7)	5-6 (5-6)
Brent мұнайы, бір баррелі үшін АҚШ долларымен, жылына орта есеппен	88	100	100

Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

1.3. Базалық мөлшерлеме траекториясын бағалау

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитетінің отырысында 2024 жылғы 29 тамызда мүшелері 2024-2026 жылдарға арналған базалық мөлшерлеменің барынша ықтимал траекториясын бағалауын ұсынды (4-кесте, 6-график).

Әрбір мүшенің пікірі отырыс өткізілген кезде болған ақпаратқа негізделді. Қатысушылардың бұл ақша-кредит саясатының бағытын бағалауы, олардың пікірі бойынша, шешім қабылдау кезінде ағымдағы жағдайлар мен болашақ перспективаларды ескере отырып, инфляцияның нысаналы көрсеткіштеріне жету үшін қажет.

Базалық мөлшерлеменің ұсынылған траекториясы Ұлттық Банктің оны осындай деңгейлерде ұстап тұру міндеттемесін көздемейді. Ұлттық Банк шешімдер коммуникациясында, оның ішінде мөлшерлеменің бұрын бағаланған траекториясынан ауытқыған жағдайда оларды қабылдаудың факторлары мен алғышарттарын түсіндіреді.


4-кесте. АКСК базалық мөлшерлеменің траекториясын бағалауы

Көрсеткіш	Медиана			Аралық		
	2024	2025	2026	2024	2025	2026
Жыл соңындағы базалық мөлшерлеме, %	14,25	11,9	10	13,5-14,5	9,5-13	8,5-12

Ескертпелер:

- Егер қатысушы бағалау аралығы ұсынылған жағдайда, медианды анықтау үшін қатардың орны ретінде осы аралықтың орташа мәні қабылданды.
- Көрсеткіш аралығы әрбір жыл үшін барлық қатысушылардың минимумнан максимумға дейінгі бағалары қамтылады (егер баға орны емес, интервал түрінде ұсынылған болса, интервал шекарасын қоса алғанда).

6-график. АКСК қатысушыларының базалық мөлшерлемені бағалау аралығы



Дереккөзі: ҚРҰБ АКСК мүшелерінің бағалауы

1.4. Орта-мерзімді перспективадағы тәуекелдер

Тәуекелдер теңгерімі проинфляциялық жаққа ауысып, базалық мөлшерлемені 2024 жылдың соңына дейін ағымдағы деңгейде сақтаудың жоғары ықтималдығын негіздейді (7-график).


Инфляция тәуекелі жоғары болуда. Салықтардың ағымдағы жеткіліксіздігін және ауқымды мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын ескере отырып, қазіргі уақытта фискалдық ынталандыру тәуекелі іске асырылуда. Бұдан әрі ағымдағы үрдіс сақталуы кезінде жоспарланатын бюджеттік шоғырландырудың болмауы жоққа шығарылмайды. Бұл ішкі ұсыныс мүмкіндіктерінен ішкі сұраныстың тұрақты асып кету тәуекелін арттырады. Инфляциялық күтулердің жоғары мәндері мен жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің (тамақ өнімдері, ЖЖМ және тұрғын үй-коммуналдық қызметтер) күрт өзгеруі аясында олардың тұрақтанбау тәуекелі де жоғары күйінде қалып отыр.

Күтілгеннен төмен ТКҚ өсу траекториясы мен биылғы жылы егіннің жақсы түсуі болжамы аясында ұсыныстың күтпеген өзгерісі жағынан тәуекелдер біршама төмендеді, бірақ жоғары күйінде сақталып отыр. Ішкі сұраныспен қамтамасыз етілетін, тауарлар мен қызметтер ұсынысынан асып түсетін жоғары айлық инфляция аясында, әсіресе РФ-дан қысқа мерзімді перспективада неғұрлым жоғары сыртқы инфляция импортының тәуекелі сақталуда. Сонымен бірге азық-түліктің сыртқы бағасының импорты бөлігінде тәуекелдер жалпы төмендеу динамикасынан және әлемде жеткілікті ұсыныс салдарынан біршама төмендеді. Алайда болашақта геосаяси шиеленістің күшеюі мен климаттың өзгеруі аясында әлемдік өнім төмендеуі салдарынан әлемдегі логистикалық проблемалар аясында тәуекелдер күшеюі мүмкін.

Дамушы нарықтардан капиталдың дамыған нарықтардың пайдасына кету тәуекелі де бұрынғысынша жоғары болып табылады. Әлемде тұрақты инфляциялық қысым сақталған немесе тіпті күшейген жағдайда, дамыған елдердің орталық банктері неғұрлым ұзақ уақыт бойы қатаң ақша-кредит шарттарын қолдайды. Бұл дамушы нарығы бар елдердің валюталарына теріс әсер етуі мүмкін. Бұдан басқа, геосаяси тұрақсыздық Қазақстанның сауда әріптес еліне қатысты санкциялық тәуекелдің жоғары болуын сақтайды.

ЖІӨ-ге келетін болсақ, оның болжаудағы тәуекелдер мұнай өндіру көрсеткіштері мен болашақ салық-бюджет саясатының параметрлеріне қатысты белгісіздікке байланысты.

7-график. Сараптамалық тәсілге негізделген тәуекелдер картасы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеуі

1.5. Төлем балансының ағымдағы шотының болжамы

Базалық сценарий кезінде 2024-2026 жылдары төлем балансының ағымдағы шоты қалыпты теріс аймақта болады. Болжамды кезең ішіндегі тапшы мәндер мұнай бағасының сценарий бойынша төмендеуіне және импортқа ішкі жоғары сұраныс болуына негізделеді.

Ағымдағы шоттың тапшылығы 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты (-)2,8 млрд АҚШ доллары немесе (-)1,0%, 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты (-)2,5 млрд АҚШ доллары немесе (-)0,8%, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты (-)4,6 млрд АҚШ доллары немесе (-)1,4% деңгейінде күтіледі (8-график). Болжанатын динамика мына факторларға негізделеді.

Теңіз кен орнында мұнай өндіру көлемін ұлғайту мұнай бағасының болжамды сценарий бойынша төмендеуін өтей отырып, тауарлар экспорты өсуін қолдайды. Мұнайға жатпайтын экспорттың көлемі металдардың, кен мен уранның әлемдік бағасы өсуінен, сондай-ақ металл өндірісін одан әрі қалпына келтіруден алдын ала белгіленетін болады. Нәтижесі ретінде, орта мерзімді перспективада тауарлар экспортының көлемі 2023 жылғы 79,8 млрд АҚШ долларынан 2026 жылы 87,1 млрд АҚШ долларына дейін өсуі күтіледі.

Болжамды келешекте төлем балансының әдіснамасы бойынша тауарлар импорты 2023 жылғы ең жоғары деңгейінен асып, өсуін жалғастырады. Импорт көлемі ішкі өндірістің жеткіліксіздігі, Қазақстанның өндірістік тізбегінде импорттық құрамдас бөліктің елеулі үлесі жағдайында өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға, сондай-ақ экономиканы қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға негізделеді. Жеке және қарыз қаражатымен қатар фискалдық шығыс импорттық тауарларға жоғары ішкі сұранысты қаржыландыру көзі болады. Нәтижесінде, импорт 2023 жылғы 59,7 млрд АҚШ долларынан 2026 жылы 63 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

Кіріс теңгерімінің тапшылығы шикізат экспортының динамикасынан айқындалуын жалғастырады. Мұнай бағасының болжамды төмендеуіне қарамастан, мұнай өндіру мен металл бағасының өсуі тікелей шетелдік инвесторларға төленетін кірістің жоғары көлемін қамтамасыз етеді. 2023 жылы тарихи максимумға жеткеннен кейін, төлемге есептелген пайыз әлемде ақша-кредит шарттарының күтілетін жеңілдеуіне байланысты біртіндеп төмендей бастайды. Соның салдары ретінде, 2024-2026 жылдары кіріс теңгерімінің тапшылығы (-)23,6-(-)26,6 млрд АҚШ доллары аралығында болады.

2026 жылы болжамды келешекте қызметтер теңгерімінің тапшылығы (-)2,1 млрд АҚШ долларына дейін қалыпты ұлғаюына экспортымен салыстырғанда қызметтер импортының неғұрлым жоғары көлемі ықпал етеді. Қазақстан арқылы жүк транзиті мен шекара маңындағы елдерден шетелдіктердің ағыны қызметтер экспорты өсуіне қолдау көрсетеді. Қызмет көрсету импорты өсуіне Қазақстаннан жаңа халықаралық әуе рейстерін іске қосу және жекелеген елдермен визасыз режимді енгізу есебінен шетелге туристік ағын ұлғаюына қарай сапарлар неғұрлым көп үлес қосады.

8-график. Төлем балансының ағымдағы шоты



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



02



АҚША-КРЕДИТ
СЯСАТЫ

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

2.1. Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі

Дезинфляциялық импульс ішінара пайыздық арна бойынша байқалады, бұл ретте теңгенің әлсіреуі аясында валюталық арна инфляциялық процестерге қысым көрсетуі мүмкін. Ақша нарығының мөлшерлемелері ұзақ уақыт бойы базалық мөлшерлеме дәлізінің шекарасынан төмен орналасқан. Бұл ретте заңды тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелер халықтың депозиттерімен салыстырғанда базалық мөлшерлеме өзгеруіне көбінесе тәуелді. Жалпы бизнеске берілетін кредиттер бойынша мөлшерлемелер кредиттік ресурстардың құны төмендеуінің жалпы үрдісіне сүйенеді. Сонымен бірге халыққа берілетін кредиттері бойынша мөлшерлемелер тұтынушылық және жеңілдігі бар ипотекалық кредиттеудің жаппай таралуы жағдайында, базалық мөлшерлеме өзгеруіне өте тәуелді емес. Қалыпты-қатаң кредиттік шарттарға қарамастан, ксіпорындар мен халықтың кредиттері белсенді қарқынмен өсуде.


2.1.1. Пайыздық арна

Ақша нарығының мөлшерлемелері орташа алғанда базалық мөлшерлеме дәлізінің шекарасынан төмен мәндерде қалыптастуда.


Ақша нарығының мөлшерлемелері 2024 жылғы мамыр - шілде аралығында бірнеше күн бойы базалық мөлшерлеме дәлізінің төменгі шегінен төмен қалыптасты (9-график), бұл банк секторында өтімділік ұлғаюы, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың осы жылдың басынан бері ҚРҰБ құралдар жүйесінің жұмыс регламентіндегі өзгерістерге нарыққа қатысушылардың бейімделуі жалғасуы аясында орын алды. Осы жылғы мамыр-шілдеде TONIA мен базалық мөлшерлеме спреді орташа алғанда (-) 1,1 п.т. деңгейінде қалыптасты (2023 жылғы мамыр-шілдеде – (-) 0,2 п.т.).

Осы жылғы сәуірмен салыстырғанда маусымда біршама өсу кезеңінен кейін қысқа мерзімді және орта мерзімді сегменттерде МБҚ кірістілігі биылғы жылғы шілдеде айлық мәнде қайтадан төмендеді (10-график)

9-график. Пайыздық мөлшерлеме дәлізі және TONIA мөлшерлемесі



10-график. Тәуекелсіз кірістілік қисығы, %



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

Базалық мөлшерлеменің өзгеруі заңды тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша мөлшерлеме динамикасында неғұрлым байқалады (орташа алынған мөлшерлеме сәуірдегі 13,7%-дан осы жылғы шілдеде 13,2%-ға дейін төмендеді) (11-график). Жеке тұлғалар депозиттерінің кірістілігі қатысушылардың ҚДКҚ тарапынан мөлшерлемені реттеудің жаңа тетігіне бірте-бірте бейімделуі аясында аздап икемді (мөлшерлеме 13,7%-дан 13,5%-ға дейін


төмендеді)³.

Осы жылдың екінші тоқсанында бизнеске берілетін кредиттер бойынша мөлшерлемелер біршама өзгерді, дегенмен өткен жылдың 3-тоқсанынан бастап кәсіпкерлікке арналған кредиттік ресурстардың құны төмендеуінің үрдісі сақталуда. Халыққа берілетін кредиттерінің құны тұтынушылық кредиттеу секторында бөліп төлеудің жоғары үлесінің және жеңілдігі бар ипотекалық кредиттеу тетіктерінің әсерінен қалыптасады.

Корпоративтік кредиттік мөлшерлемелер. Теңгедегі бизнеске берілетін кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме жеңілдеу циклінің басынан бастап осы жылғы маусымда 19,6%-ға дейін біртіндеп төмендеуде (2023 жылғы үшінші тоқсанның бастап, 12-график). Кредиттердің құны төмендеуі орта және ірі бизнеске берілетін кредиттерде орны алуда. 2024 жылғы екінші тоқсанда кредиттеу бойынша банктерге жүргізілген пікіртерім⁴ ірі кәсіпкерліктің кредиттік ресурстарының құны төмендегенін және жекелеген банктерде орта бизнестің кредиттері бойынша мөлшерлемелердің аздап төмендегенін растауда.

Жеке кредиттік мөлшерлемелер. Тұтынушылық кредиттерді берудегі бөліп төлеудің жоғары үлесі халықтың кредиттік мөлшерлемелері қалыптасуына едәуір әсер етуін жалғастыруда. Кредиттік маркетингтік ұсыныстарды жүргізу аясында тұтынушылық кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме маусымда 17,4%-ға дейін (наурыздағы 19,2%-дан) төмендеді. Ипотека бойынша мөлшерлеме төмен деңгейде қалуда. 2-тоқсанда нарықтық бағдарламалардың үлесі өсуі ипотекалық кредиттер бойынша мөлшерлемелер аздап ұлғаюына әсер етті (12-график).

11-график. Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша мөлшерлемелер, %



12-график. Ұлттық валютадағы кредиттер бойынша мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

2.1.2. Кредиттік арна және депозиттер (әл-ауқат арнасы)

Базалық мөлшерлеменің төмендеуі ішінара кредиттік арнада көрініс табады және кәсіпорындар мөлшерлемелердің төмендеуін кредиттік ресурстарға сұраныс ұлғаюы факторларының бірі ретінде атауда. Банктердің кредиттік портфелі халыққа берілетін кредиттердің жоғары тұрақты өсу қарқыны мен бизнесті серпінді кредиттеу аясында жоғары қарқынмен (маусымда - 23,3%-ға өсті) ұлғаюы жалғасуда (13-график). Ипотекалық кредиттеудің динамикасы бәсеңдеді.

³ Толығырақ ҚДКҚ сайтында: <https://www.kdif.kz/press-tsentr/press-relizy/s-yanvaryya-2024-goda-izmenitsya-regulirovanie-stavok-po-depozitam-fizicheskikh-lits/>

⁴ 2024 жылғы 2-тоқсандағы кредиттеу бойынша банктер арасында жүргізілген пікіртерім:


Халықты кредиттеуді кеңейту тұтынушылық сұраныс тарапынан инфляциялық қысымды қолдайды. Тұтынушылық кредиттердің өсуі ақша-кредит саясаты жүргізетін дезинфляциялық әсерді шектеуді жалғастыруда. Тұтынушылық кредиттер портфелінің өсуіне халықтың жоғары инфляциялық күтулері және банк секторын кеңінен цифрландыру жағдайында бөліп төлеуді белсенді маркетингтік ілгерілету ықпал етеді. Банктерге жүргізілген кредиттеу жөніндегі пікіртерімге сәйкес, тұтынушылық кредиттер құрылымында автосалон әріптестерінің акциялық ұсыныстарының ұлғаюы аясында автокредиттеуге сұраныстың артуы байқалады. Банктердің ипотекалық портфелінің серпіні биылғы жылғы екінші тоқсанда аздап баяулағанын (маусым айында – ж/ж 13,0% өсу) көрсетті. Бұл бірінші тоқсанда ипотекалық кредиттер бойынша шарттардың қатаңдауына байланысты сұраныстың төмендеуіне байланысты болды.

Бизнес субъектілеріне кредит берудің жоғары деңгейі төрт тоқсан қатарынан жалғасуда.

Бизнесті кредиттеудегі оң үрдіс баға шарттарын біртіндеп жеңілдету және даму институттарының (оның ішінде «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры) АҚ тарапынан) жеңілдікпен кредиттеу шеңберінде қаржыландыруды жандандыру, кредиттік ресурстар және бизнеске арналған цифрлық өнімдерді дамыту есебінен ірі жобаларды іске асыру аясында биылғы жылғы екінші тоқсанда (маусымда - ж/ж 17,2%-ға өсу) өзгеріссіз қалды. Жалпы, кредиттердің өсуі кәсіпкерлік субъектілерінің барлық түрлері және экономиканың негізгі салалары бөлінісінде байқалады.

Жинақтау дағдысы жоғары деңгейде сақталуда. Банк секторындағы депозиттер негізінен теңгемен салымдар есебінен жүргізілетін ақша-кредит саясаты аясында өсуді жалғастыруда. Жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттерінің жылдық өсімі 2024 жылғы шілдеде 28,8%, заңды тұлғалардыкі 20,0%-ды құрады. Бұл ретте, 2023 жылғы маусым – 2024 жылғы мамыр аралығында байқалған валюталық салымдарының біршама төмендеуі заңды тұлғалар депозиттерінің кетуінің біршама қысқаруына байланысты биылғы жылғы шілдеде аса байқалған жоқ (14-график).

13-график. ЕДБ-дан экономикаға кредиттер (портфель), ж/ж, %



14-график. Депозиттік ұйымдардағы резиденттердің депозиттері, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Депозиттерді долларсыздандыру үрдісі жалғасуда.

Биылғы жылдың басынан бастап салымдарды жалпы долларландырудың төмендеу үрдісі сақталды. Бұған ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы мөлшерлемелер арасындағы жоғары дифференциал аясында жеке тұлғалардың салымдары бойынша долларсыздандырудың жалғасуы ықпал етті. Биылғы жылғы маусымда ұлттық валютаның әлсіреуі аясында халық салымдарының валюталық бөлігінің өсуі байқалды. Алайда, шілдеде

депозиттерді долларландыру төмендеуді жалғастырды, дегенмен, биылғы шілденің соңында жеке тұлғалар салымдарының (19,9%) бестен бір бөлігінен азын, заңды тұлғалар салымдарының 24,4%-ын құрады.

2.1.3. Валюта арнасы

Ұлттық валютаның әлсіреуі жалпы ақша-кредит шарттарын жеңілдетуге ықпал етті.

2024 жылғы қаңтар-сәуірде ұлттық валюта біртіндеп нығайғаннан кейін, биылғы жылғы мамыр – шілде аралығында мұнай бағасының төмендеуі, республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін валютаны сату көлемінің қысқаруы, сондай-ақ шетел валютасына маусымдық сұраныстың өсуі аясында оның АҚШ долларына қарағанда 6,0%-ға әлсіреуі байқалды (15-график).

15-график. Ірі қатысушылардың шетел валютасын сату мен сатып алудағы үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

1-бокс. Халықтың ұлттық валютаға «сенімінің прокси-индикаторын» бағалау⁵

Орталық банк үшін ұлттық валютаға деген сенім ақша-кредит саясатын жүргізудің негізгі аспектісі болып табылады. Орталық банкке үлкен сенім артылуда және ол ақша-кредит саясатының трансмиссиясын күшейтеді: орта мерзімді кезеңде инфляциялық күтулерді тұрақтандыруға ықпал етеді, долларландырудың құбылмалылығын және валютаның сыртқы күтпеген өзгерістерге сезімталдығын төмендетеді. Сонымен қатар, жалпы ұлттық валютаға және теңгеге қатысты «сенім» сөзін қолдану, атап айтқанда, әртүрлі аспектілерде көрініс табуы мүмкін. Осыны ескере отырып, халықаралық тәжірибені⁶ талдау негізінде **халықтың ұлттық валютаға «сенім индексі/индикаторы»** әзірленді. Бұл индикатор инфляция динамикасына қатысты халықтың пікірін, номиналды айырбастау бағамын, сондай-ақ халықтың депозиттерінің нақты долларлануын ескереді.

Теңгеге «сенім индикаторын» есептеу. Қазақстан экономикасының ерекшелігіне және халықтың теңгеге деген сеніміне әсер ететін факторларға сүйене отырып, индикаторды есептеу үшін үш компонент енгізілді: 1) 12 ай кезеңінде күтілетін және нақты инфляцияның орташа сараланған сомасы, 2) теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы және 3) шоттардың мөлшері бөлінісінде топтар бойынша сараланған долларландыру, мұнда таразы ретінде әр топтың шоттарының көлемі мен санындағы үлестердің тіркесімі қолданылды.

Қажетті деректердің болуын ескере отырып, есептеу үшін 2017 жылғы наурыз – 2024 жылғы маусым аралығындағы деректер пайдаланылды. Жалпы индикатордың базалық кезеңінде және оның есебіне кіретін индекстердің әрқайсысы үшін 2017 жылғы наурыз алынды.

⁵ Бұл индикаторды құру және түсіндіру ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаменті персоналын есептеудің нәтижесі болып табылады және ҚР ҰБ ресми ұстанымымен сәйкес келмеуі мүмкін

⁶ 1. Trust in Hryvnia: Functional Aspect https://www.researchgate.net/publication/332133342_Trust_in_Hryvnia_Functional_Aspect

2. Жеке тұлғалардың ұлттық валютаға деген сенімін өлшеу индикаторларын пайдалану <https://www.nbrb.by/bv/pdf/articles/10707.pdf>

1. 12 ай кезеңінде күтілетін және нақты инфляцияның орташа сараланған сомасы (инфляциялық құрамдас). Бірінші құрамдас келесі формула бойынша есептелген көрсеткіштің индекстік көрінісі болып табылады:

$$\pi_{comp} = \frac{1}{2} * \left(\frac{1}{\pi_{exp}} + \frac{1}{\pi} \right) \quad (1),$$

мұнда π – нақты инфляция және π_{exp} – күтілетін инфляцияның медианалық бағасы. Өсіп келе жатқан күтілетін инфляция халық арасында бағаның өсуі бойынша алаңдаушылықтың өсуін көрсетеді, сондықтан ол индикатор есебіне енгізілген. Осылайша күтілетін және нақты инфляцияның үйлесімі бізге инфляция туралы қоғамдық пікір туралы ақпараттың кең ауқымын қамтуға мүмкіндік береді.

2. Теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы (айырбастау бағамының құрамдас бөлігі). Екінші құрамдас келесі формула бойынша есептелген көрсеткіштің индекстік көрінісі болып табылады:

$$ER_{comp} = \frac{1}{er} \quad (2),$$

мұнда er – тікелей баға белгілеу бойынша бір айдағы АҚШ долларының теңгеге айырбастау бағамының орташа сараланған мәні. Талдау барысында халықтың айырбастау пункттерінен АҚШ долларын сатып алуын есепке алуға әрекет жасалды. Алайда, қолма-қол ақшасыз операциялардың жоғары үлесіне байланысты, валюта бағамының мәні мен қолма-қол валютаны сатып алу көрсеткіші арасындағы салмақты қалай бөлуге болатындығы белгісіз болып қалады. Сондықтан екінші құрамдасты есептеу кезінде номиналды айырбастау бағамын жалғыз көрсеткіш ретінде пайдалану туралы шешім қабылданды. Демек, ұлттық валютаның АҚШ долларына дейін әлсіреуі айырбастау бағамының құрамдас бөліктерінің төмендеуіне әкелуі керек, бұл сенімнің нашарлауын көрсетеді.

3. Үшінші құрамдас келесі формула бойынша есептелген көрсеткіштің индекстік көрінісі болып табылады:

$$D_{comp} = \sum_{i=1}^n k_i * d_i, \quad (3),$$

мұнда d_i – халықтың i - қоржынындағы депозиттерінің долларлануы, k_i – ретінде есептелген коэффициент,


$$k_i = (wv_i + 1) * (wq_i + 1) - 1, \quad (4)$$

мұнда wv_i – депозиттердің жалпы көлеміндегі i -сол қоржынның депозиттері көлемінің үлесі, wq_i – депозиттік шоттардың жалпы санындағы i -сол себеттің депозиттік шоттары санының үлесі. Мұндай коэффициенттің логикасы-ол шоттар саны мен олардың көлемі арасындағы тепе-теңдікті сақтайды.

«Сенім прокси-индикаторы». «Сенім индикаторын» есептеу үшін оның барлық құрамдастарына минимакс қалыпқа келтіру әдісі қолданылады, мұнда бүкіл кезеңдегі қатардың ең жоғары нүктесі 1-ге, ал төменгі нүктесі 0-ге тең болады. Осылайша, барлық құрамдастар 0-ден 1-ге дейін ұлғайтылады және салыстырмалы болады. Құрылған жеке индекстерді ескере отырып, ұлттық валютаға «сенім индексі» мынадай формула бойынша есептеледі (индекстің артуы/төмендеуі сенімнің артуын/төмендеуін білдіреді):

$$\text{«Сенім Прокси – индикаторы»} = \pi_{comp} + ER_{comp} + D_{comp} \quad (5)$$

График 1. Халықтың теңгеге «сенімінің прокси-индикаторы»



Дереккөзі: ҚРҰБ

Қарастырылып отырған кезеңде халықтың теңгеге «сенім прокси-индикаторының» динамикасы әртүрлі ішкі және сыртқы оқиғалар аясында қалыптасты.

2017 жылғы наурыз – 2019 жылғы желтоқсан аралығында индикатор инфляцияның тұрақты динамикасының арқасында салыстырмалы түрде тұрақты болды. Осы кезеңде инфляция, айтарлықтай сыртқы күтпеген өзгерістердің болмауы, валюта бағамының қалыпты құбылмалылығы, реттелетін коммуналдық қызметтер бағасының төмендеуі шарттарында 4,76-7,74% диапазонында болды. Бұл ретте инфляциялық күтулер салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталды.

2020-2022 жылдар COVID-19-дың таралуымен, жеткізу тізбегінің бұзылуымен және сыртқы геосаяси шиеленістің күшеюімен сипатталды. Осыған байланысты ұлттық валютаға «сенім индексі» төмендеу үрдісін көрсетті. 2020-2021 жылдары орташа төмендегеннен кейін, 2022 жылғы наурызда ұлттық валютаның күрт әлсіреуі және инфляциялық күтулердің өсуі аясында «сенім индикаторы» күрт және айтарлықтай төмендегенін көрсетті. 2022 жылғы сәуірде біршама жоғары серпілістен кейін төмендеу динамикасы сақталды және желтоқсанда «сенім прокси-индикаторы» күтілетін инфляцияның ең жоғарғы шегіне және ұлттық валютаның әлсіреуіне байланысты ең төменгі деңгейге жетті.

2023 жылдың басынан бастап осы уақытқа дейін қалыпты қатаң ақша-кредит саясаты аясында инфляцияның төмендеуіне байланысты «сенім индикаторы» қарқынды өсуде. Бұл 2022 жылғы теңгемен салымдарды қорғау бағдарламасымен, теңгенің айырбастау бағамының екіжақты құбылмалылығымен және сыртқы инфляциялық аяның жақсаруымен ұштастыра отырып, инфляцияның, инфляциялық күтулердің және долларландырудың төмендеуіне әкелді.

Осылайша, долларландыру мен инфляцияны 5% мақсатқа дейін одан әрі төмендету инфляциялық күтулерді азайту және ұлттық валютаға деген сенімнің тиісті өсуі үшін әлеуетті сақтауға ықпал ететін болады.


2.2. Ақша массасы

Ақша массасының өсуіне кредиттік және фискалдық арналардың кеңеюі ықпал етуді жалғастыруда. Сыртқы активтердің үлесі өсті.

Теңгемен және жалпы ақша массасының өсу қарқыны жоғары болып қалуда (2024 жылғы шілдеде – тиісінше 23,2% ж/ж және 18,3% ж/ж) (16-график). Биылғы жылғы шілдеде ҚР Ұлттық қорының «Қазатомөнеркәсіп» АҚ акцияларын сатып алуына және кейіннен оның активтерін валюта нарығында осы операцияны көрсету⁷ шеңберінде Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтеріне конвертациялауға байланысты сыртқы активтер тарапынан оң үлес өсті. Бұл ретте ақшалай ұсыныстың өсуіне негізгі үлес кредит арнасы тарапынан, сондай-ақ бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде Үкіметтің МБҚ шығарылымының өсуі тарапынан болды. Мәселен, 2024 жылғы қаңтар-шілдеде шығарылған Қаржымині МБҚ көлемі осыған ұқсас кезеңдегі жоспарланған көлемнен біршама асып, 4,5 трлн теңге болды (17-график), бұл ретте биылғы жылы МБҚ орналастырудың ең жоғары көлемі шілдеге тиесілі болды және 2024 жылға жоспарланған шығарылым көлемінің шамамен 19%-ын құрады.


⁷ <https://nationalbank.kz/ru/news/informacionnye-soobshcheniya/16892>

16-график. Ақша массасы, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

17-график. МБҚ бастапқы нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге





ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



03



МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ
ТАЛАПТАР

III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

3.1. Сыртқы сектор

2023 жылы желтоқсаннан бастап тұрақты өсуден кейін өңдеу өнеркәсібіндегі іскерлік белсенділік төмендеді. Қызметтердегі белсенділік, керісінше, жақсарды.


Өнеркәсіптегі жаһандық іскерлік белсенділік 2022 жылдың ортасынан бастап 2015-2019 жылдары байқалған орташа көрсеткіштерден әлі де төмен. Осы жылы шілдеде бұл көрсеткіш өндіріс көлемінің әлсіз өсуі және жаңа тапсырыстардың қысқаруы аясында қайтадан төмендеді. Елдер арасында өнеркәсіптегі белсенділіктің төмендеуі АҚШ, Қытай, Жапония және ЕО елдерінде байқалды. Сонымен қатар, қызметтердегі белсенділік 2015-2019 жылдардағы көрсеткіштерге жақын мәндерге дейін өсті (18-график).

Елдердегі жалпы және базалық инфляция жоғары мөлшерлемелердің қысымымен баяулауды жалғастырды. Сонымен қатар, қазіргі инфляцияның күтілгеннен жоғары болуына байланысты Ресейден инфляциялық қысымның жоғарылау қаупі сақталады.

2023 жылғы желтоқсаннан бастап көптеген елдерде инфляция айтарлықтай баяулады, бірақ жалпы және базалық инфляция әлі де нысаналы мәндерден жоғары. Дамыған елдердегі бағаның өсуінің негізгі факторлары қызметтер, атап айтқанда жалдау қызметтері, қонақ үйлер, мейрамханалар, шетелдік сапарлар болып қала береді. Дамушы елдерде бағалар барлық компоненттер бойынша біркелкі өсуді жалғастырды.

Қытайда тұтынушылық белсенділіктің жандануы аясында инфляция осы жылы ақпаннан бастап шілдеде алғаш рет 0,5%-ға (ж/ж) дейін жеделдеді. Ресейде тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі және тауарлар мен қызметтердің кең ауқымының қымбаттауының жалғасуы нәтижесінде жылдық инфляция 9,1%-ға дейін жеделдеді. ЕО-да тұтыну бағасының өсуі тұрақты болып қалды (19-график).

18-график. Жаһандық іскерлік белсенділік *




Дереккөзі: PMI by S&P Global.

*индекс мәні 50-ден жоғары болса көрсеткіштің өскенін, 50-ден аз болса – оның төмендегенін, 50-ге тең болса – оның өзгермегенін білдіреді.

** Жапония, Канада, Венгрия бойынша инфляция 2024 жылдың маусымында ұсынылған.

19-график. 2024 жылғы шілдедегі елдер бойынша жалпы инфляция динамикасы**, ж/ж



Дереккөзі: Ұлттық статистика қызметтері

Дамыған елдер біртіндеп монетарлық жағдайларды қалыпқа келтіре бастады, бұл дамушы елдердің валюталарына қысымның әлсіреуіне әкеледі.

Осы жылы шілде-тамызда дамыған елдер арасында Англия Банкі мен Канада Банкі мөлшерлемелерді төмендетті. Жапония, керісінше, жалақының күрт өсуіне және инфляцияны

одан әрі жеделдету тәуекеліне байланысты мөлшерлемені көтерді. Қалған дамыған елдерде әзірге өзгеріс жоқ.

Дамушы елдерде саясатты жеңілдету жалғасты. Қытайдың Орталық Банкі өткен тамыздан бері алғаш рет мөлшерлемені төмендетті. Мөлшерлемелерді Венгрия, Чехия және Колумбияда да төмендетті.


2024 жылы сәуірден бастап ОПЕК+ елдерінде өндіру бойынша шектеулердің күтілетін әлсіреуіне, сондай-ақ Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленістің әлсіреуіне байланысты әлемдік мұнай нарығында төмендеу үрдісі басым болды.

Осы жылы сәуірден бастап Brent маркалы мұнайдың әлемдік бағасының 2024 жылғы шілдеде орташа есеппен барреліне 85 АҚШ долларына дейін төмендеуі байқалды (5%-ға төмендеді) (20-график). Бағаның төмендеуі негізінен Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленістің әлсіреуімен байланысты болды. Сонымен қатар, осы жылдың маусымында ОПЕК+ елдері мұнай өндіруді тәулігіне 2,2 млн баррель мөлшерінде өз еркімен қысқарту туралы келісімді үшінші тоқсанның соңына дейін ұзартты және 2024 жылғы төртінші тоқсаннан бастап шектеулерді біртіндеп жеңілдету туралы шешім қабылдады.


Осы жылдың мамыр-шілдесінде дәнді дақылдардың әлемдік бағасының одан әрі төмендеуі бидай мен жүгерінің айтарлықтай ұсынысына байланысты болды.

Шілдедегі баяндамаға⁸ сәйкес, 2024 жылғы шілдеде дәнді дақылдарға арналған ФАО индексі 3,8% а/а (12%-ға ж/ж төмендеуі) (21-график) төмендеді, бұл әлемдік нарықта бидай мен жүгерінің айтарлықтай экспорттық ұсынысының болуына байланысты. Дәнді дақылдардың барлық түрлеріне бағаның төмендеуі байқалды. Атап айтқанда, бидай бағасының төмендеуіне жоғары өнімділікті күту, сондай-ақ әлемдік нарықтардағы әлсіз сұраныс ықпал етті.

20-график. Brent маркалы мұнай бағасының динамикасы, \$ / баррель



21-график. Дәнді дақылдардың ФАО индексі, 2014-2016 = 100



Дереккөзі: EIA, UN FAO

3.2. Ішкі сектор

Экономикадағы ішкі сұраныс тұрақты болып қала берді, бұл тұтынушылық сұраныстың сақталуына және экономиканың шикізатқа жатпайтын секторындағы инвестициялық қызметтің кеңеюіне байланысты. Тұтынушылық сұраныс халықтың табысының, трансферттердің және тұтынушылық кредиттеудің өсуімен қамтамасыз етіледі. Инвестициялардың өсуіне инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру ықпал етеді.

Бөлшек сауда динамикасы тұтынушылық сұраныстың өсу қарқынының жеделдеуін көрсетеді. 2024 жылдың екінші тоқсанда бөлшек сауданың өсу қарқыны коронавирус пандемиясына

⁸ <https://www.fao.org/worldfoodsituation/foodpricesindex/ru/>

дейінгі орташа өсу қарқынынан асып, 6,3%-ға ж/ж (2024 жылы шілдеде – 7,1% ж/ж) дейін жеделдеді. Бөлшек сауданың өсуіне азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарларды сату оң үлес қосты (22-график).


Осы жылдың екінші тоқсанда баяулағанына қарамастан, нақты өсу қарқыны жоғары болып қалатын тұтынушылық кредиттеу тұтынушылық сұранысты қолдайды. Оң үрдістер бюджеттен төленетін жалақы мен әлеуметтік төлемдер динамикасында сақталды (23-график).

22-график. Бөлшек сауда айналымы, ж/ж %-бен



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері


23-график. Тұтынушылық сұранысты нақты мәнде қаржыландыру, ж/ж %-бен



Бөлшек сауда көрсеткіштерімен қатар демалысқа, ойын-сауыққа, мәдениетке байланысты секторларда көрсетілген қызметтер көлемінің ұлғаюы байқалады.

Аталған ұйымдардың қызметтеріне сұраныстың өсуі Қазақстан азаматтары, бейрезиденттер тарапынан да байқалатынын атап өткен жөн (24-график). Сонымен қатар, емдеу, оқыту және туристік мақсаттағы сапарларды қамтитын «Сапарлар» бабы бойынша жеке қызметтердің импорты мен экспортының динамикасы өсіп келе жатқан үрдісті көрсетеді (25-график).

24-график. Маусымдық түзетілген сапардың жеке мақсаттары бойынша орналастыру орындарымен (демалыс аймақтары, қонақ үйлер және т.б.) қызмет көрсетілген демалушылар саны, мың адам.



Дереккөзі: СЖРА ҰС, ҚР ҰБ есептеулері

25-график. Маусымдық түзетілген «сапарлар» бабы бойынша қызметтердің экспорты мен импорты млн АҚШ доллары



Дереккөзі: ҚР ҰБ


Шикізаттық емес сектордағы инвестициялардың өсуі жалғасуда. Негізгі капиталға инвестициялардың жалпы қысқаруы тау-кен секторына инвестициялардың азаюына байланысты болды.

2024 жылғы бірінші тоқсандағы біршама өсуден кейін (0,4% ж/ж) негізгі капиталға инвестициялар тау-кен өнеркәсібіне инвестициялардың біршама төмендеуі нәтижесінде екінші тоқсанда 6,7% ж/ж-ға қысқарды. Мұнай секторына инвестицияларды қысқартудың негізгі факторы ТШО-ны болашақта кеңейту жобасы шеңберінде жүргізіліп жатқан Теңіз кен орнындағы жұмыстардың бір бөлігін аяқтау болды.

Осыған қарамастан, экономиканың шикізаттық емес секторында негізгі капиталға инвестициялардың айтарлықтай өсуі байқалады. Осы жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда, шикізаттық емес сектордың негізгі капиталына инвестициялар ж/ж 16,5%-ға өсті. Негізгі қорларды жаңартудың жоғары қарқыны көлік саласында, өңдеу өнеркәсібінде, білім беруде, байланыста, кәсіби және ғылыми-техникалық қызметте, қаржылық және сақтандыру қызметінде, сондай-ақ шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызметте тіркелген (26-график).

Сонымен қатар, мемлекеттік бюджеттен экономиканың түрлі секторларына инвестициялық салымдардың ұлғаюы байқалды. Соңғы бірнеше жылда мемлекеттік бюджеттен түсетін қаражаттың үлесі инвестицияларды қаржыландыру көздерінің құрылымындағы бюджеттен тыс қаражаттың (меншікті және қарыз қаражаты) үлесін бір мезгілде төмендете отырып, өсу үрдісін көрсеткенін айта кету керек (27-график). Шикізатқа жатпайтын секторға инвестициялардың өсуі ұлттық бағдарламалар мен жобаларды («Жайлы мектеп», «Тарифті инвестицияға айырбастау», «Қолжетімді интернет»), сондай-ақ өңдеу өнеркәсібіндегі инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен қамтамасыз етіледі.

26-график. Салалар бойынша негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж жинақталған қорытындымен, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

27-график. Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға инвестициялар құрылымы, жалпы көлемдегі үлесі %, маусымдық факторлар қоса алынған



2-бокс. Шетел азаматтары тарапынан сұраныстың Қазақстандағы тұтынушылық сұранысқа әсері


2022 жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстанға келген шетел азаматтары санының күрт өсуі байқалды. Бұл жекелеген елдермен визалық режимнің жеңілдетілуіне, жаңа халықаралық рейстердің ашылуына, сондай-ақ өңірдегі геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты. Елдер бойынша Ресей, Қытай, Үндістан және Ираннан туристер ағынының күрт өсуі байқалды.

Шетелдік туристердің белсенді ағыны Қазақстандағы тұтынушылық сұранысқа тауарлар мен қызметтерді сатып алу арқылы тікелей және қызмет көрсететін және тауарларды өткізетін кәсіпорындардың кірістерін арттыру арқылы жанама түрде әсер етті.

Шетелдік туристердің ағыны Қазақстанға жеке мақсаттары бойынша келген бейрезиденттерге орналастыру орындары мен курорттық аймақтар⁹ қызмет көрсеткен статистикадан көрінеді. Мысалы, демалысқа келген шетелдік азаматтардың саны 2022 жылғы екінші тоқсандағы 67,0 мың адамнан 2022 жылғы үшінші тоқсанда 168,3 мың адамға дейін өсті. Бұл ретте, 2022 жылдың екінші жартысынан бастап 2024 жылғы бірінші тоқсанға дейін орналастыру орындары қызмет көрсеткен бейрезиденттердің бір тоқсандағы орташа саны 2019 жылы қызмет көрсетілген бейрезиденттердің бір тоқсандағы орташа санынан екі есеге жуық асып түсті (1-график).


Ресей азаматтарының рекордтық санына 2022 жылғы үшінші тоқсанда орналастыру орындары қызмет көрсетті. Бұл 2022 жылғы қыркүйекте ішінара жұмылдыру жарияланғаннан кейін Ресей Федерациясы азаматтары ағынының күрт өсуіне байланысты болды. Қызмет көрсетілген Қытай мен Үндістан азаматтары санының тұрақты өсуі 2022 жылдың ортасында Қазақстан тарапынан Үндістан, Иран және Қытай азаматтарына қатысты визасыз режимнің енгізілуіне байланысты болды (2-график).

1-график. Қызмет көрсетілген бейрезиденттер саны, мың адам, маусымдық факторлар қоса алынған



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ-ның есептеулері

2-график. Орналастыру орындары қызмет көрсеткен, жеке мақсаттары бойынша келген бейрезиденттер саны олардың азаматтығы бойынша, мың адам, маусымдық факторлар қоса алынған



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ-ның есептеулері

Қазақстанға шетелдік туристердің белсенді ағынын көрсететін тағы бір көрсеткіш – «Сапарлар»¹⁰ бабы бойынша қызмет экспорты, атап айтқанда туристік сапарларды, емделу не оқу мақсатындағы сапарларды және т.б. қамтитын жеке мақсаттар бойынша сапарлар (3-график).

Осылайша, шетелдік туристер санының артуы қонақүй қызметін көрсету және жалға беру қызметтеріне, сондай-ақ тамақтану орындары мен мәдениет нысандарына сұраныстың артуына әкеледі, бұл шетелдік туристердің елдің ұлттық тағамдарымен, мәдениетімен және тарихымен танысуға деген ұмтылысымен байланысты.

Сонымен, 2022 жылдың екінші жартысында қонақүй қызметін көрсету бағасы, тұрғын үйді жалдау ақысы күрт өсті. Қоғамдық тамақтандыру қызметтері мен мәдениет қызметтерінің бағасы (кинотеатрлар/театрлар/мұражайлар мен көрмелер/концерттік бағдарламалар/басқа да ойын-сауық бағдарламалары) 2022 жылдың екінші жартысында айтарлықтай жеделдеуді көрсетті. 2023-2024 жылдары жоғарыда аталған «туристік» қызметтердің көптеген түрлеріне бағаның өсу қарқыны баяулады, бірақ 2014-2019 жылдары тиісті қызметтерге бағаның орташа жылдық өсу қарқынынан жоғары болып келеді және инфляция бойынша 5% нысаналы көрсеткіштен асады (4-график).

⁹ Қонақ үйлер / мотельдер / кемпингтер / туристік базалар / қонақ үйлер / демалыс үйлері / пансионаттар және келушілерді орналастыру және оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа ғимараттар мен құрылыстар.

¹⁰ Бейрезиденттер елге келген кезде жеке қажеттіліктері үшін сатып алған тауарлар мен қызметтердің құнын қамтитын төлем балансының бабы.

3-график. «Сапарлар» бабы бойынша қызмет экспорты, млн АҚШ доллары, маусымдық факторлар қоса алынған



Дереккөзі: ҚРҰБ

4-график. Жекелеген қызметтерді тұтыну бағасы, % ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

3.3. Өндіріс шығасылары

Өндіріс шығасыларының көрсеткіштері көп бағытты динамиканы көрсетті. Сонымен қатар, көрсеткіштердің көпшілігі өсу аймағына өтті не өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтің түпкілікті құнына жоғары қысым көрсете отырып, жеделдеді.

Осы жылы маусымда теңгенің номиналды айырбастау бағамының әлсіреуі жағдайында импорттық бағалар 2023 жылғы мамырдан бастап алғаш рет өсу аймағына өтті. Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету саласындағы өндірушілер бағасының өсуі «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалғасты. Сонымен қатар, осы жылдың екінші тоқсанында жекелеген қызмет түрлерін өндірушілер бағасының өсуі баяулады.

Ұзақ қысқарудан кейін импорттық түсімдер бағасының индексі 2024 жылғы маусымда 0,6%-ға ж/ж өсті, бұл көбінесе теңгенің номиналды айырбастау бағамының әлсіреуіне байланысты. Тоқыма, химиялық өнімдер, жануарлар мен өсімдіктерден алынатын өнімдерге импорттық бағалардың жылдық өсуі байқалды. Инвестициялық тауарлардың импорттық бағасы өзгеріссіз қалды. Бұл ретте құрылыс материалдарына, дайын тамақ өнімдеріне импорттық бағалардың қысқаруы жалғасты. Алайда, тауарлардың осы санаттарына бағаның төмендеуі баяулады (28-график).


Импорттық өнімнің қымбаттауы өнеркәсіп тауарларын өндірушілердің бағасына әсер етті. Мәселен, азық-түлік өндірушілердің бағасы он ай қысқарғаннан кейін осы жылы маусымда 0,7%-ға ж/ж өсіп, шілдеде 2,5%-ға ж/ж дейін жеделдеді. Нан-тоқаш, макарон, ұн, ұн-жарма және сүт өнімдерін өндіру қымбаттады. Қант, май және тоң май өндірушілердің бағасының төмендеуі төмен қарқынмен жалғасты. Импорттық компоненттен басқа шикізаттың, оның ішінде бидай мен жануарлардан алынатын тауарлардың қымбаттауы байқалды. Бидай бағасының өсуі астықты сақтау бойынша қызметтің қымбаттауына және өткен жылғы егіннің төмен көрсеткіштері жағдайында астық қорларының төмендеуіне байланысты болды. Сонымен қатар, азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында автомобильдер мен мұнай өңдеу өнімдеріне бағаның өсуінің айтарлықтай баяулауы байқалды (29-график).

2024 жылғы екінші тоқсанда электр және сумен жабдықтау салаларында өндірушілер бағасының өсуі жағдайында коммуналдық қызметтің қымбаттауы жалғасты, бұл қолданыстағы жылу коммуникациялары мен су құбыры желілерін жаңғырту жөніндегі бағдарламаның жалғасуына байланысты болды (30-график).

28-график. Импорттық бағалар және теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбастау бағамы, % ж/ж



29-график. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы, %, ж/ж




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Қызмет секторында 2024 жылғы екінші тоқсанда автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау бойынша қызмет құнының төмен өсу қарқыны нәтижесінде көліктің барлық түрлерімен жүктерді тасымалдауға тарифтердің өсу қарқынының баяулауы байқалды. Ақпараттық қызметті ұсыну бағасының өсуі (деректерді өңдеу қызметі, агенттіктердің қызметі және т.б.) баяулады. Бұл ретте, сақтау және қоймада сақтау қызметі қымбаттады, атап айтқанда астық пен майлы дақылдарды сақтау құны өсті. Жүк көлігі мен теміржол құралдарын жалға беру қызметі бағасының өсуі байқалды. Жарнамалық қызмет 2024 жылғы екінші тоқсанда негізінен нарықты зерттеу қызметінің қымбаттауы аясында 1,7%-ға ж/ж қымбаттады, бұл тұтыну тауарлары мен қызметінің түпкілікті құнына да әсер етеді (31-график).

30-график. Тұрғын үй-коммуналдық қызметін көрсетушілердің бағасы, %, ж/ж



31-график. Жекелеген қызмет түрлерін көрсетушілердің бағасы, %, ж/ж



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

3.4. Еңбек нарығы

Экономикадағы жұмыспен қамту жоғары деңгейде қалып отыр. Жұмыс күші ұсынысының сұраныстан асып кетуі экономикадағы номиналды жалақының өсу қарқынының баяулауына әкелді. Сонымен қатар, еңбек өнімділігінің өсуі нақты жалақының өсу қарқынынан артта қалып отыр, бұл еңбек нарығы тарапынан проинфляциялық қысымды тудырады.

15 жастан асқан халықты жұмыспен қамту деңгейі салыстырмалы түрде тұрақты болып, 2024 жылғы екінші тоқсанда 64,9%-ды құрады. Бұл ретте экономикада жұмыспен қамтылғандар санының өсу қарқыны осы жылы екінші тоқсанда 0,8%-ға ж/ж дейін (2024 жылғы бірінші тоқсанда – 1,5%) баяулады. Жұмыспен қамту құрылымында дербес жұмыспен қамтылғандар саны көбірек өсуде (32-график). Жұмыспен қамтылғандар санының ең көп өсуі ойын-сауық және демалыс, су және электрмен жабдықтау, жылжымайтын мүлікпен операциялар салаларында байқалды. Бұл ретте ауыл шаруашылығында, мемлекеттік басқаруда, құрылыста жұмыспен қамтудың қысқаруы тіркелді.

Нақты жалақының өсуі номиналды жалақының, сондай-ақ инфляцияның төмендеуіне байланысты осы жылдың екінші тоқсанында жылдық мәнде 1,7%-ға дейін баяулады. Жалақының нақты өсуі экономиканың көптеген салаларында оң болып тұр, төмендеу негізінен мемлекеттік секторда байқалды.

Жалпы экономика бойынша еңбек өнімділігінің өсу қарқыны 2024 жылғы бірінші тоқсанда 2,3%-ға дейін баяулады. Бұл қарқындар нақты жалақының өсуінен артта қалып отыр, бұл еңбек нарығының бағасына инфляциялық қысым жасайды (33-график). Салалар бойынша мұндай жағдай сауда, көлік, ауыл шаруашылығы, электр, сумен жабдықтау, қаржы және өнер саласында байқалды. Бұл ретте құрылыста нақты жалақының қысқаруы кезінде (-7,2% ж/ж) еңбек өнімділігінің өсу қарқыны жылдық мәнде 13%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігінің өсу қарқыны жалақы нақты мәнде 5,4%-ға ж/ж өскен кезде 6,2%-ға дейін жеделдеді.

32-график. Жалдамалы жұмысшылар және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, ж/ж



33-график. Жалақы мен еңбек өнімділігінің динамикасы, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

3.5. Инфляция


Жылдық мәнде инфляцияның ұзаққа созылған баяулауы 2024 жылғы шілдеде тоқтады. Азық-түлікке жатпайтын компоненттегі дезинфляциялық үрдістерге және азық-түлік бағасының қалыпты өсуіне қарамастан, сервистік компонент инфляцияны жеделдетудің негізгі факторы болып қала берді. Егер бұрын негізгі үлесті реттелетін қызметтерге тарифтердің өсуі қосқан болса, қазіргі уақытта жекелеген нарықтық қызметтерге бағаның айтарлықтай өсуі байқалды.

2024 жылғы шілдеде жылдық инфляция 2023 жылғы наурыздан бастап алғаш рет жеделдеп, 8,6%-ға жетті. Бұл Ресейдегі инфляцияны жеделдетуді, сондай-ақ теңгенің номиналды айырбастау бағамының әлсіреуін қоса алғанда, қолайлы емес сыртқы инфляциялық жағдайларға байланысты. Проинфляциялық қысым көрсететін ішкі факторлардың ішінде ұзақ жылдық дефляциядан кейін өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының өсуін, сондай-ақ


ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер арасында дезинфляциялық процестердің баяулауын атап өтуге болады.

2024 жылғы шілдеде жылдық инфляция құрылымында ақылы қызметтер мен азық-түлік тауарлары бағасының өсу қарқыны жеделдегені байқалды, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны баяулады (34-график). Айлық инфляция да 2017-2021 жылдардағы шілдедегі 0,3% – орташа тарихи көрсеткіштен айтарлықтай асып, 0,7%-ға дейін жеделдеді (35-график).

34-график. Жылдық инфляцияның (%) және оның негізгі компоненттерінің (п.т.) үлестерінің динамикасы



35-график. Айлық инфляцияның (%) және оның негізгі компоненттерінің үлестерінің динамикасы (п.т.)



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Азық-түлік инфляциясының 2024 жылғы шілдеде жылдық мәнде 5,5%-ға дейін жеделдеуі ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасының төмендеуінің баяулауынан және ұзақ дефляция кезеңінен кейін тамақ өнеркәсібі өндірушілерінің бағасының өсу аймағына өтуінен туындады. Азық-түлікке қосымша проинфляциялық қысым теңгенің номиналды бағамының әлсіреуін көрсетті. Азық-түліктің айлық инфляциясы 0% – орташа тарихи деңгейден асып, 0,3%-ға дейін жеделдеді, бұл көкөністер бағасының төмендеу қарқынының айтарлықтай баяулауына, сондай-ақ темекі өнімдеріне, нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға айлық бағаның өсуіне байланысты болды.

Халық табысының өсуі және тұтынушылық кредиттеудің сақталып отырған жоғары өсу қарқыны сияқты ішкі факторлар, сондай-ақ туристер ағынын және теңгенің номиналды айырбастау бағамының жақындағы құнсыздануын қоса алғанда, сыртқы факторлар қолдайтын тұрақты тұтынушылық сұранысқа қарамастан, азық-түлікке жатпайтын компоненттің жылдық өсуі 2024 жылғы шілдеде 7,3%-ға дейін баяулады. Бұл ретте бағаның айлық өсуі осы жылы мамырда және маусымда баяулағаннан кейін 2024 жылғы шілдеде 0,7%-ға дейін жеделдеді.

Жанар-жағармай бағасының өзгермей тұруы айтарлықтай дезинфляциялық қысым көрсететінін айта кету керек.


2024 жылғы шілдеде инфляцияның сервистік компоненті жылдық мәнде 14,5%-ға дейін жеделдеді. Реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі баяулағанымен, жекелеген нарықтық қызметтерге бағаның өсуі жылдық мәнде жалпы сервистік инфляцияны жеделдетуге ықпал етті. Қызметтер бағасының айлық өсуі де 0,7%-ға дейін жеделдеді. Бұл байланыс, көлік, жалдау және кешенді демалыс қызметтеріне тарифтердің көтерілуіне байланысты болды. Жазғы маусымға тән кешенді демалысты ұйымдастыру қызметтері бағасының өсуі бағамдық фактордың әсерімен одан әрі күшейтілді.

Маусымдық факторлар қамтылмаған инфляция және базалық инфляция көрсеткіштері 2024 жылғы шілдеде жеделдеді. Бағаның өсуі нысаналы мәннен төмен тауарлар мен қызметтер салмағының сомасы соңғы айларда қысқаруда.

Үш айдағы реттелген маусымдық факторлар қамтылмаған инфляция 2024 жылы мамыр-маусымда нысаналы деңгейге жақын болды. Алайда, 2024 жылы шілдеде бұл көрсеткіш айлық мәнде 0,6%-ға дейін жеделдеді (36-график). Сонымен қатар, үш айдағы реттелген маусымдық факторлар қамтылмаған базалық инфляцияны медиандық бағалау да 0,5%-ға дейін жеделдеді. Маусымдық факторлар қамтылмаған инфляцияның жеделдеуі азық-түлік пен сервистік компоненттің қысымының жоғарылауынан туындады. Одан бөлек, осы жылы маусым-шілдеде базалық инфляцияны бағалау ауқымы кеңейді. Бұл экономикадағы проинфляциялық қысымның сақталуын және инфляциялық процестердің тұрақсыздығын білдіреді.

Сонымен қатар, 2024 жылы мамыр-шілде аралығында тауарлар мен қызметтердің үлесінің төмендеуі байқалды, бағалардың маусымдық факторлар қамтылмаған өсуі, олар нысаналы деңгейден төмен болды (37-график). 2024 жылы шілдеде олардың тұтыну бағаларының индексіндегі үлесі 50%-ды құрады. Бұл ретте осы тауарлар мен қызметтердің құрылымында үлесі 34%-ды құрайтын азық-түлік тауарлары басым болып тұр.

36-график. Базалық және маусымдық факторлар қамтылмаған инфляция, а/а, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

37-график. Тауарлар мен қызметтер үлесінің сомасы 5% нысанадан төмен бағалардың маусымдық факторлар қамтылмаған өсуі



Халықтың инфляциялық күтулері біршама көтеріліп, құбылмалы және қысқа мерзімді күтпеген өзгерістерге тәуелді болып қала берді.

38-график. Күтілетін және сезілетін инфляцияны медиандық бағалау, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, FusionLab: халықтың пікірі

2024 жылы шілдеде халықтың алдағы 12 айға инфляциялық күтулері 13,4%-ды құрады. Көрсеткіштің біршама өсуі теңгенің номиналды айырбастау бағамының әлсіреуімен және нақты инфляцияның жеделдеуімен байланысты (38-график). Респонденттердің едәуір бөлігі бағаның нысаналы деңгейден жоғары өсуін күтуде. Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі бағалар қазіргі кездегідей өседі деп санайды. Респонденттердің көпшілігі үшін болашақ инфляция туралы негізгі ақпарат көзі олардың жеке сатып алу тәжірибесі болып табылады. Респонденттер өздерінің инфляциялық күтулерін азық-түлік

бағасының өзгеруіне, жалақының өсуіне, сондай-ақ валюта бағамының өзгеруіне негіздейді. 2024 жылы шілдеде халық сезініп отырған инфляция 13,2%-ға дейін төмендеді. Нақты инфляция мен халық сезініп отырған инфляция арасындағы алшақтық 2024 жылы сәуірде 7,6 пайыздық тармақтан 4,6 пайыздық тармаққа дейін қысқарды (2017 жылғы қаңтардан 2021 жылғы желтоқсанға дейінгі алшақтықтың орташа тарихи мәні – 7,6 пайыздық тармақ). Алайда, осы жақсаруға қарамастан, сезілетін инфляция деңгейі әлі де жоғары.


Респонденттер азық-түлік бағасының айтарлықтай өскенін әлі де атап өтуде, дегенмен мұндай ескертулердің үлесі 2024 жылғы сәуірдегі 77,9%-дан 2024 жылғы шілдедегі 74%-ға дейін төмендеді. Бұл мамырда азық-түлік бағасының төмендеуіне және 2024 жылғы маусымда олардың біршама өсуіне байланысты. Сонымен қатар, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бағасының өсуін атап өткен респонденттердің үлесі қысқаруда, бұл «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын неғұрлым қалыпты іске асырумен де, адамдардың осы өзгерістерге бейімделе бастауымен де байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, азық-түлік емес тауарлар бағасының өсуін атап өткен респонденттердің үлесі артып келеді. Бұл теңгенің номиналды бағамының өзгеруі нәтижесінде бағаның қайта құрылуына байланысты болуы мүмкін.

3-бокс. Азық-түлік инфляциясына импорттың әсері

Инфляция табиғаты бойынша ішкі факторларға ғана емес, сонымен қатар сыртқы факторларға да тәуелді, өйткені тұтынылатын тауарлардың бір бөлігі импортталады. Жалпы, азық-түліктің басым бөлігі (75%-дан астам) Қазақстан ішінде өндіріледі. ҚР СЖРА ҰСБ-ның деректеріне сәйкес, ең көп азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету ұн мен жарма, сүт және сүт өнімдері, кейбір алкогольдік сусындар мен жеміс шырындары сияқты санаттар бойынша байқалды. Дегенмен, тұтыну нарығы бірқатар базалық азық-түлік өнімдерінің импортына тәуелді болып қала береді, бұл Қазақстан экономикасын сыртқы күтпеген өзгерістерге және айырбастау бағамының ауытқуларына тәуелді етеді. Импортқа жоғары тәуелділік әсіресе консервіленген көкөністер, шай және кофе, қант, ірімшік және сүзбе сияқты санаттарда байқалады (1-график).

1-график. 2023 жылғы деректер бойынша Қазақстандағы жекелеген тамақ өнімдері бойынша өзін-өзі қамтамасыз ету коэффициенті *




* Өзін өзі қамтамасыз ету коэффициенті ішкі өндіріс көлемінің ресурстардағы ішкі тұтыну көлеміне және өнім мен шикізаттың жекелеген түрлерін пайдалануға қатынасы ретінде есептеледі.

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Импорттық азық-түліктің едәуір бөлігі Ресейден келеді. Сонымен қатар Қытайдан, Үндістаннан, Беларусьтан, Украинадан және Германиядан әкелінген тауарлар айтарлықтай үлес қосады (2-график). Әріптес елдердегі геосаяси және экономикалық жағдайдағы өзгерістер Қазақстандағы бағаның өсуіне әсер етуі мүмкін. Атап айтқанда, 2022 жылы геосаяси шиеленіс, әлемдегі инфляцияның өсуі және теңгенің номиналды бағамының құнсыздануы аясында Қазақстанда импорттық инфляция айтарлықтай өсті. Оның азық-түлік инфляциясына қосқан үлесі бір жыл ішінде орташа есеппен 2021 жылғы 2 пайыздық тармақтан 2022 жылы 5,8 пайыздық тармаққа дейін өсті (3-график). Осыған қарамастан, ҚРҰБ мен азық-түлік экспорттаушы елдердің орталық банктерінің қатаң монетарлық саясатының, жаһандық инфляциялық қысымның әлсіреуінің, сондай-ақ теңгенің тұрақты бағамының арқасында импорттық азық-түлік инфляциясы 2023 жылы мамырдан бастап төмендей бастады және

осы жылдың сәуіріне дейін төмендеуін жалғастырды, бұл Қазақстандағы жалпы азық-түлік инфляциясының баяулауына ықпал етті.

2-график. 2023 жылы жекелеген азық-түлік өнімдерін жеткізуші үздік елдер



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

3-график. Азық-түлік инфляциясындағы импорттық инфляцияның үлесі, % ж/ж



*импортталатын жаңа піскен көкөністер мен жемістерді қоспағанда. Жұмыртқа бағасының өзгеруі 2021 жылғы тамыздан бастап есептеулерде ескеріледі.

Импорттық инфляцияны есептеу «Қазақстан Республикасында өнімдер мен шикізаттың жекелеген түрлерін пайдалану және ресурстар» және «Қазақстан Республикасының тауарлары мен өнімдерінің экспорттық жеткізілімдері мен импорттық түсімдері бағасының индексі» деректерін пайдалана отырып, азық-түлік тауарлары импортының үлесі және олардың импорттық бағалары бойынша деректерге негізделген.

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

4-график. Импорттық азық-түлік инфляциясының және РФ азық-түлік инфляциясының динамикасы, % ж/ж



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, РФ Росстат, ҚРҰБ есептеулері

5-график. Импорттық азық-түлік инфляциясының динамикасы және RUB / KZT айырбастау бағамының өсуі, % ж/ж



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, РФОБ, ҚРҰБ есептеулері

Ресейдің азық-түлік тауарларын импорттаудағы жоғары үлесіне ерекше назар аудару керек. Қазақстандағы импорттық инфляция динамикасы Ресейдегі азық-түлік бағасының өсу траекториясын

1-2 айлық артта қалумен қайталайды, бұл Ресейдегі баға динамикасының Қазақстанға айтарлықтай әсерін растайды (4-график). Бұл үдерісте Ресей рублінің теңгеге айырбастау бағамының өзгеруі маңызды рөл атқарады, бұл Ресей инфляциясының Қазақстанға енуіне ықпал етеді (5-график). Бұл тұрғыда Ресейдегі инфляцияның ағымдағы үдеуі және Ресей рубліне теңгенің әлсіреуі Қазақстандағы азық-түлік инфляциясының жеделдету тәуекелдерінің өсуін көрсетуі мүмкін.


Қазіргі уақытта Ресей санкцияларға байланысты жұмыс күшінің тапшылығына, сондай-ақ өндірістік қуаттылықтың шектеулеріне тап болды. Бұл өндіріс салаларына, соның ішінде тұтынушылардың жоғары сұранысына байланысты қысымның жоғарылауын тудырады. Егер шектеулер сақталса немесе санкциялар күшейтілсе, Қазақстанға азық-түлік тауарларын импорттық жеткізуді қысқарту қаупі бар.

3.6. Фискалдық саясат


Республикалық бюджет салықтарын жинау жөніндегі жоспардан ауытқу жалғасты. Бұл қосымша фискалдық қолдау мүмкіндігін едәуір арттырады.

2024 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 1,9% деңгейінде қалыптасты (39-график). Мұнайға жатпайтын тапшылық ЖІӨ-нің 8,3%-ына дейін нашарлады. Кірістер құрамында салықтық емес түсімдер мен трансферттер неғұрлым көп үлес қосады. Салықтық түсімдер ҚҚС қысқаруы аясында 0,8%-ға қысқарды. Бұл 2023 жылы экспорттаушыларға ҚҚС қайтаруды тоқтатуға және аванс беруге¹¹, сондай-ақ импорттың қысқаруына байланысты болуы мүмкін.

39-график. МБ тапшылығы, ЖІӨ-ге %-бен



40-график. РБ салық түсімдері бойынша атқарылуы, млрд теңге (+асыра орындау/- толық орындамау)



**2023 жылы Ұлттық қорға 1,3 трлн сомаға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын сатып алу республикалық бюджетке дивидендтер түрінде түсті, бұл «Салықтық емес түсімдер» бабында белгіленген, талдамалық мақсаттар үшін осы сома Ұлттық қордан трансферттерге ұқсас мұнайға жатпайтын тапшылықты есептеу кезінде алынып тасталды.*

Дереккөзі: ҚР ҚМ, ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері


Республикалық бюджеттің салық түсімдері бойынша жоспардың орындалмауы жалғасты. 2024 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша жоспарланған салықтық түсімдерден ауытқу шамамен 1,65 трлн теңгені немесе жоспардың 24,1%-ын құрайды (40-график). Негізгі алшақтық ірі кәсіпкерлік субъектілерінен КТС және ҚҚС болды. Сонымен қатар жергілікті бюджеттер жоспардың шамадан тыс орындалуымен қалыптасуда. Мәселен, ірі субъектілері жоқ ұйымдардан КТС, ЖТС және әлеуметтік салық бойынша жоспардың асыра орындалуы байқалады. Осыған қарамастан, жергілікті бюджеттердің салықтар бойынша асыра орындалуы республикалық бюджеттің алшақтығын жаба алмайды. Осыған байланысты 2023 жылға ұқсас салықтар бойынша елеулі орындамау Ұлттық қордан қосымша алуларды немесе қарыз қаражатын тартуды талап етуі мүмкін.

Шығындар динамикасына білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және борышқа қызмет көрсету шығыстары негізгі үлес қосады. Соңғы жылдары денсаулық сақтауға арналған

¹¹<https://forbes.kz/articles/ministr-finansov-plan-postupleniy-v-byudzheth-ispolnen-za-schyot-priostanovki-vozvrat-nds>

шығындар үлесінің қысқаруы байқалады, сонымен бірге білім беруге және борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстар үлесі өсуде (41-график). Жалпы алғанда, ағымдағы тұтынуға жұмсалатын шығыстардың үдемелі өсу қарқынын атап өткен жөн. Бұл ретте әлеуетті шығарылымды ұлғайтуға бағытталған күрделі шығындар қысқарады. Бұл халықтың тұтынушылық сұранысын күшейтуі және экономикада проинфляциялық қысым көрсетуі мүмкін.

41-график. Мемлекеттік бюджет шығындары баптарының үлесі %-бен



Дереккөзі: ҚР ҚМ, ҚРҰБ есептеулері

4-бокс. Мұнайға жатпайтын фискалдық серпін

Елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуде салық-бюджет саясаты шешуші рөл атқарады. Фискалдық саясаттың функциялары туралы қазіргі заманғы түсініктер шеңберінде мемлекеттің (орталық үкіметтің) қызметі макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, ресурстарды бөлуге және кірістерді қайта бөлуге бағытталған (Musgrave, 1959).¹² Адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және мақсаттарына жету үшін жеткілікті қаражаты болуы қажет сияқты, мемлекет үшін де қаржыдағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Мемлекеттік бюджеттің теңгерімділігін бағалау үшін жалпы тапшылық пайдаланылады, ол түсімдер мен шығыстар арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі. Бұл ретте табиғи ресурстарға бай елдерде бюджетке түсетін түсімдердің құрылымын да ескеру қажет. Қазақстанда орта есеппен 2019-2023 жылдары мемлекеттік бюджетке түскен түсімдердің үштен бір бөлігі мұнай кірістеріне тиесілі болды. Нәтижесінде, мұнайдың әлемдік бағасының құбылмалылығы фискалдық саясатқа айтарлықтай әсер етеді. 2020 жылдан бастап Ұлттық қордан трансферттердің айтарлықтай өсуі байқалады, яғни мұнай секторы салықтарының басым бөлігі экономикадан алынбайды. Осылайша, фискалдық саясаттың теңгерімділігін неғұрлым шынайы көрсету үшін кіріс бөлігін мұнай кірістерінен тазарту қажет.

Бюджеттік параметрлердің жиынтық сұраныс пен экономикаға қалай әсер ететінін түсіну үшін оның жай-күйін ескеру қажет: экономикалық белсенділік өзінің әлеуетінен асып кеткен (шығарудың оң алшақтығы) шамадан тыс өсуі кезеңдерінде салықтар жылдам, ал шамадан тыс төмендеуі кезеңдерінде баяу өседі. Сондай-ақ шығыстар экономикалық цикл кезеңіне және фискалдық саясаттың даму деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан экономиканың «қалыпты» жағдайында бизнес циклдардың әсерінен тазартылған бюджеттік көрсеткіштерді қарастыру маңызды. Шығыстар тарапынан борышқа қызмет көрсетуге арналған шығындарды алып тастаған жөн, өйткені олар ағымдағы экономикалық жағдайға әсер етпейді және өткен кезеңдердің бюджеттік шешімдерін көрсетеді. Осылайша, кері белгісі бар циклдік түзетілген тапшылық (құрылымдық тапшылық) нақты кезеңдегі фискалдық позицияны көрсетеді.

Әдетте, фискалдық теңгерімнің рұқсат етілген деңгейі туралы жалпы фискалдық позицияның көрсеткіші бойынша бағалауға болады. Алайда, 1-графикте көрініп тұрғандай, Қазақстанның мұнайға жатпайтын фискалдық позициясы ЖІӨ-ге қатысты: 2014-2023 жылдардағы ЖІӨ-нің орта есеппен 7,3% жоғары деңгейінде қалып отыр. Бұл ретте жалпы фискалдық позиция орташа есеппен 0,4% деңгейінде қалып отыр. Бұл кезеңдерде экономиканы белсенді фискалдық ынталандыру ішінара мұнай кірістері есебінен жүзеге асырылды. Бұл жалпы тапшылықтың динамикасын едәуір теңестірді.

¹² Musgrave, R.A., 1959, *The Theory of Public Finance* (New York: McGraw-Hill).

1-график. Мемлекеттік бюджеттің мұнайға жатпайтын фискалдық позициясы, ЖІӨ-ден %-бен.




Дереккөзі: ҚР ҚМ, ҚРҰБ есептеулері

Фискалдық импульс екі уақыт кезеңінің фискалдық позицияларының айырмашылығы ретінде айқындалады. Мұнай экспортына жоғары тәуелді елдер үшін маңызды көрсеткіштердің бірі мұнайға жатпайтын фискалдық импульс болып табылады, өйткені ол мұнай кірістерін есептемегенде мемлекеттік бюджеттің тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш экономикадағы проинфляциялық немесе дезинфекциялық қысымға ықпал ететінін анықтай отырып, фискалдық саясатты талдауға көмектеседі. 2020 жылы айтарлықтай фискалдық ынталандыру коронавируспен күресуге және экономиканы қалпына келтіруге бағытталды (3-график). Алайда 2021-2022 жылдары бюджет саясаты ынталандырмайтын болды. Бұл ретте бастапқы шығыстар жоғары деңгейде болды. 2023 жылы фискалдық саясат проинфляциялық сипатта болды. Ұлттық қордан түсетін трансферттердің жоғары деңгейі соңғы жылдары трансферттердің алшақтығы 2020 жылдан бастап өзінің трендтік мәндерінен асып, оң деңгейде болуына алып келді (2-график). Мәселен, егер 2019 жылы трансферттер 3,1 трлн теңге деңгейінде болса, 2023 жылы олардың сомасы 5,3 трлн теңгені құрады («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын сатып алуды ескере отырып). Бұл да оң серпінді көрсетеді. Экономика толық қуатта жұмыс істеп тұрған кезеңде (шығарылымның оң алшақтығы) ынталандыру саясаты экономиканың шамадан тыс өсуіне және инфляциялық қысымның артуына алып келуі мүмкін екендігін айта кету керек.


Мұнайға тәуелді елдерде басты міндеттердің бірі экономиканы әртараптандыру болып табылады. Мұнайға жатпайтын фискалдық серпін үкіметтің мұнай кірістеріне тәуелділікті азайтып және экономиканың басқа секторларын дамытуды қолдай отырып, осы бағытта қаншалықты табысты жылжып келе жатқанын көрсетеді. Бұл шағын және орта бизнесті, инвестицияларды, инфрақұрылымды және мұнай өнеркәсібімен байланысты емес басқа да салаларды қолдау жөніндегі шараларды қамтуы мүмкін. Мұнай бағасының күрт ауытқуы жағдайында мұнайға жатпайтын фискалдық импульс сыртқы өзгерістерге жауап ретінде саясатты түзетуге және ішкі экономикалық тұрақтылықты сақтауға көмектеседі.

2-график. ҚР Ұлттық қорынан трансферттердің алшақтығы, %-бен.



Дереккөзі: ҚР ҚМ, ҚРҰБ есептеулері

3-график. Өткен жылға қарағанда мемлекеттік бюджеттің мұнайға жатпайтын фискалдық серпіні, ЖІӨ-ден %-бен.



Ақша базасы – Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналымға шығарған қолма-қол ақша, банктердің аударылатын және басқа да депозиттері, банктік емес қаржы ұйымдарының аударылатын депозиттері және Ұлттық Банктегі теңгедегі мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың ағымдағы шоттары.

Ақша массасы (М3) Ұлттық Банк пен банктер баланстарының шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және ұлттық және шетел валютасындағы банктік емес заңды тұлғалар-резиденттер мен халықтың аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің пайыздық арнасы – пайыздық мөлшерлемелерді реттеу арқылы орталық банктің экономикаға әсерін сипаттайтын трансмиссиялық тетік арнасы.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі – ақша-кредит саясаты құралдарының экономиканың өсуі, инфляция сияқты соңғы макроэкономикалық көрсеткіштерге әсер ету процесі.

Әлеуетті шығарылым – экономикадағы өндіріс деңгейін көрсетеді, оған өндіріс факторлары толық жүктелген және толық жұмыспен қамтылған кезде қол жеткізуге болады. Бағаның өсу қарқынының өзгеруіне алғышарттар жасамай өндіруге және іске асыруға болатын өнім көлемін көрсетеді.

Базалық мөлшерлеме – ақша нарығында номиналды банкаралық пайыздық мөлшерлемелерді реттеуге мүмкіндік беретін Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі құралы. Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің деңгейін белгілей отырып, орташа мерзімді кезеңде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізу үшін ақша нарығының таргеттелетін (нысаналы) банкаралық қысқа мерзімді мөлшерлемесінің нысаналы мәнін айқындайды.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – пайдаланылған өндіріс факторларының ұлттық тиістілігіне қарамастан тұтыну, экспорт және жинақтау үшін мемлекет аумағындағы экономиканың барлық салаларында бір жыл ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын көрсететін көрсеткіш.

Инфляция – тауарлар мен қызметтер бағасының жалпы деңгейін арттыру. Қазақстанда инфляция тұтыну бағаларының индексімен өлшенеді.

Инфляциялық таргеттеу – бұл инфляцияның мақсатты деңгейіне жетуге бағытталған ақша-кредит саясатының режимі.

Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы – өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын қаржылық емес активтердің өсуі. Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы мынадай құрауыштарды қамтиды: а) істен шығуды шегергендегі жаңа және қолданыстағы негізгі қорларды сатып алу; б) өндірілген материалдық активтерді ірі жақсартуға арналған шығын; в) өндірілмеген материалдық активтерді жақсартуға арналған шығын; г) өндірілмеген шығынға меншік құқығын беруге байланысты шығыс.

Тұтыну бағаларының индексі – халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген қоржынына бағаның орташа деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін сипаттайды. Инфляцияны есептеуге арналған Қазақстанның тұтыну қоржыны үй шаруашылықтары шығысының құрылымын көрсетеді және халықты тұтынуда ең көп үлес салмақты алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қамтиды. ТБИ ағымдағы кезең

бағаларындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген жиынтығы құнының алдыңғы (базистік) кезең бағаларындағы оның құнына қатынасы ретінде есептеледі. Индекс Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен есептеледі.

Тұтынушы қоржыны – бұл адамның немесе отбасының айлық (жылдық) тұтынуының типтік деңгейі мен құрылымын сипаттайтын тауарлар мен қызметтер жиынтығы. Мұндай жинақ қолданыстағы бағалардағы тұтынушы қоржынының құнына сүйене отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін қолданылады. Тұтынушы қоржыны сонымен қатар тұтынудың есептік және нақты деңгейлерін салыстыру базасы, сондай-ақ валюталардың сатып алу қабілетін анықтауға негіз болады.

TONIA мөлшерлемесі – мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында биржада жасалған, бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

Шығарылым алшақтығы – Әлеуетті шығарылымның пайызымен көрсетілген ЖІӨ ауытқуы. Белгілі бір уақыт аралығында нақты ЖІӨ мен әлеуетті ЖІӨ арасындағы айырмашылықты білдіреді. Елде пайдаланылатын ресурстардың тиімділігін көрсететін индикатор ретінде қызмет етеді. Нақты шығарылым әлеуетті шығарылымнан асып кеткен жағдайда (оң алшақтық), өзге де тең жағдайларда, экономиканың қызып кетуіне байланысты бағаның өсу қарқынын жеделдету үрдісін қалыптастыру күтіледі.

Экономиканы долларландыру – бұл шетел валютасы (көбінесе АҚШ доллары) ел ішінде немесе оның экономикасының жекелеген секторларында операцияларды жүзеге асыру үшін қолданыла бастайтын жағдай, ұлттық валютаны ішкі ақша айналымынан шығарып, жинақтау құралы, құн өлшемі және төлем құралы ретінде әрекет етеді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АКСК – Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет
б.т. – базистік тармақ
EIA – Energy Information Administration
ЕМ – дамушы нарықтар
ЕО – Еуропалық одақ
ЕОБ – Еуропалық орталық банк
Ж – жалақы
ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары
ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім
ҚДКҚ – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
ҚҚБ – Қазақстан қор биржасы
ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ
ҚР Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚР ҚМ МКК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚРҰҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар
Млн – миллион
Млрд – миллиард
Мың – мың
ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы
п.т. – пайыздық тармақ
Ресстат – Ресей Федерациясы мемлекеттік статистикасының федералдық қызметі
РФ ОБ – Ресей Федерациясының Орталық Банкі
СЖРА ҰСБ – Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
ТБИ – тұтыну бағаларының индексі
ТКҚ – тұрғын үй-коммуналдық қызметтер
Трлн – триллион
ТШО – Теңізшевройл
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ХВҚ – Халықаралық валюта қоры
ФАО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
ФРЖ – АҚШ федералды резервтік жүйесі
ЭҚТ – экономикалық қызмет түрлері